Такое направление сочетания представительной и прямой демократии в большой мере связано с более полным воплощением института императивного мандата, что позволит значительно расширить непосредственное участие избирателей в деятельности представительных органов. Важную роль в развитии сочетания прямой и представительной демократии сыграет дальнейшая демократизация принципов деятельности представительных органов власти. Появившиеся новые формы подготовки и проведения заседаний Парламента, заседаний постоянных комитетов открывают неограниченные возможности для непосредственного участия народа во всей деятельности представительных органов власти.

Большое значение имеет анализ сочетания и взаимодействия прямой и представительной демократии в процессе выработки государственных решений представительных органов.

Первая стадия этого процесса – проявление инициативы в принятии органом власти соответствующего государственного решения. Суть его заключается не только в предоставлении общественным организациям права вносить законопроекты в

органы власти, а главным образом в создании таких реальных условий, которые позволяют всему народу принимать непосредственное участие в деятельности всех субъектов права законодательной и нормотворческой инициативы.

Сущность этого сочетания состоит в том, что само зарождение идеи проявить инициативу, развитие этой идеи и подготовка законопроекта происходят под влиянием народа и при его широком и активном участии. Достигается это построением представительной системы на началах совмещения инициативы депутатов с их ответственностью перед избирателями, что обязывает их строить всю свою деятельность, опираясь на народные массы, на их инициативу и опыт, советуясь с ними.

Взаимодействие представительной и прямой демократии на первой стадии процесса выработки государственных решений отчетливо видно и в ходе выработки проектов этих решений органов власти.

К подготовке законопроектов в высших органах власти и решений в местных представительных органах привлекаются специалисты, ученые, общественные организации и представители того круга общественности, чьи интересы затрагивает будущее решение. В практику все больше внедряется такая форма сочетания представительной и прямой демократии, как предварительное выявление народного мнения по первоначальным вариантам законов и решений еще до их официального внесения в органы власти.

Представляется более правильным понимать под первой стадией законодательного процесса не только внесение законопроекта, но и всю деятельность, связанную с проявлением инициативы – от возбуждения вопроса об издании нового закона (отмене или изменения действующего) до внесения проекта в законодательный орган, и называть ее стадией проявления законодательной инициативы.

Тесно взаимодействуют представительная и прямая демократия во второй стадии правотворческого процесса – в ходе обсуждения проектов государственных решений, внесенных на рассмотрение органов власти. Наиболее важное значение здесь имеет организация предварительного обсуждения, состоящая в том, что проект закона или решения обсуждается общественностью до рассмотрения его на заседании соответствующей палаты.

Практикой выработаны многочисленные формы предварительного обсуждения проектов государственных решений. Одной из таких форм является деятельность депутатов в избирательных округах, проведение различных общественных совещаний и «круглых столов». Депутаты по своей инициативе организуют в своих избирательных округах обсуждение вопросов или проектов законов и решений, поставленных на рассмотрение Парламента.

Целесообразным является закрепление института народной законодательной инициативы, означающей, что определенное количество населения путем сбора подписей обращалось бы к представительным органам о принятии того или иного закона.

Таким образом, институты прямой демократии тесно переплетаются с представительной демократией и переходят друг в друга, образуя тем самым институт народовластия. И когда говорится о гарантиях власти народа, то здесь необходимо иметь в виду то положение, что само непосредственное народовластие есть гаранция представительного народовластия. Но, выступая по отношению представительных органов народовластия конституционно-правовой гарантей, прямое народовластие само нуждается в правовых гарантиях. Поэтому правовым средством выступают, прежде всего, правовые нормы, закрепляющие фактические институты народовластия. Но независимо от юридической природы различных институтов

прямого волеизъявления их влияние на механизм принятия государственных решений всегда огромно, ибо в них находит выражение воля народа.

Таким образом, современные потребности демократического развития требуют

сбалансированного соотношения прямой и представительной формы демократии. При этом сама демократия представляет собой постоянный процесс совершенствования, так как современные ее формы не являются идеальными.

### **Литература**

1. Конституция Республики Казахстан. – Алматы: Юрист, 2003. – 96 с.
2. Жакке Ж.-П. Конституционное право и политические институты / Пер. с франц. – М.: Юристъ, 2002. – 365 с.
3. Садовникова Г.Д. Органы народного представительства и глава государства: грани взаимодействия // Журнал «Lex Russica» (Научные труды Московской государственной юридической академии). – 2006. – №3.
4. Основные международные документы по правам человека / Материалы и комментарии. – Алматы, 1998. – 148 с.
5. Право быть равными / Сб. статей, речей, мнений. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 271 с.
6. Батурина Ю.М. Проблемы компьютерного права. – М.: Юридическая литература, 1991. – 272 с.
7. Монтескье Ш.Л. О духе законов / Сост. А.В. Матешук. – М.: Мысль, 1999. – 672 с.

### **Tүйін**

Жариялануға ұсынғалы отырған ғылыми макалада тікелей және өкілетті билік институттарының өзара қатынасының өзекті мәселелері қарастырылып, олардың жағымды және жағымсыз тұстары анықталған. Автор өзінің жұмысында халықты мемлекеттік биліктің бірден бір қайнар көзі және егемендіктің алып ұстары ретінде сипаттайтыны. Сонымен қатар компьютерлік ақпараттанудырудың дамуы, қазіргі таңда биліктің одан әрі нығая түсінен тиғизетін септігі (әсері) көрсетілген.

### **Summary**

In this paper, the author discussed topical issues of relations of institutions of direct and participatory democracy, showing their pluses and minuses. People defined as the only source of state power and the bearer of sovereignty. Also notes the development of computer technologies and their impact on the development of modern democracy.



ӘОЖ 1.17.177.

**Л.О. Омарова, магистр, аға оқытушы**  
ҚазЭКХСУ

### ӘЛ-ФАРАБИ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ КЕМЕЛ АДАМ МӘСЕЛЕСІ

*Шығыс халықтарының заңды мақтандырылғандағы Насыр Әл-Фарабидің гылыми мұрасы, соның ішінде кемел адам мәселесінің алатын орны құнды болмақ. Әл-Фараби философиясының өзегін құрайтын бақыт мәселесі, адам баласының этикалық-имандылық келбеті, адамгершілік, ізеттілік, әділеттілік категориялары, жетік адам мәселесі философия түргесіндегі жүйеленген.*

**Негізгі ұғымдар:** адаптация, қасиетті рух, риторика, гносеология, ортодоксалдың дін.

Жан-жақты жетілген адам мәселесі – есіреле Шығыс философиясында терең тұпташыры бар және кең тараған философиялық ілім. Осы ілімдерге терең философиялық талдау жасап, көпшілікті таныстыру, оның тиімді және бүгінгі күн талабына сәйкес келетін жақтарын қазіргі заманның жан-жақты жетілген адамын тәрбиелеуге кеңінен пайдаланудың бүгінгі күнде әрі теориялық, әрі тәжірибелік маңызы бар деп айтуда болады.

Адам туралы алғашқы қозқарастар ежелгі Шығыс дүниесінде қалыптасты. Сонымен қатар араб тілдік мұсылман философиясының өкілі Әл-Фараби жан-жақты жетілген дегеніміз тек қана әдептілік нормалары мен принциптеріне сәйкес келген адам ғана емес, сонымен бірге парасатты, білімді, бүкіл өмір болмысын ақыл-ойға неғіздеген адам деп есептеді. Оның пікірінше, әдепті адам деп білімді, парасатты адамды айтса, ал білімді адам міндетті түрде әдепті деп танылады. Ал түркі ойшылы Ж. Баласағұн адамды этика, адамгершілік мәселесі тұрғысынан қарай отырып, сонымен қатар білімдікке, парасаттылыққа да ерекше назар аударса, Әл-Фараби өз шығармашылығында ел басқарушының, яғни әкімнің қандай бо-

луы керектігі туралы тұжырымдарын жағастырып, дамыта түседі. Сондай-ақ Әл-Фараби мен Ж. Баласағұнның әлеуметтік-этикалық, қоғамдық-саяси көзқарастарын алатын болсақ, екеуінде де адам бейнесі жағымды және жағымсыз қасиеттерімен қарастырылады. Әл-Фарабиде адамды параметрлеріне, қасиет-қабілеттеріне қарай талдап түсіндіретін болса, Баласағұнда адам бейнесі этикалық, адамгершілік құқығы жағынан қарастырылады.

Әл-Фараби өз заманындағы әлеуметтік жағдайларды көре отырып, қоғамның өзіндік моделін – адамдар жан-жақты жетілгенде жүзеге асыруға болатын «қайырымды қала тұрғындары» идеясын ұсынады. Оның бұл ойы, яғни «жетік адам» бейнесі бүгінгі күн тұрғысынан алған қарағанда да маңыздылығын жоймаған өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Адам алға ұмтылатын және өз күшімен қол жеткізе алатын адам болмысына тән гуманистік принциптер Фараби ілімінде ақыл-ой, бақыт, қайырымдылық ретінде әрекет етеді. Адамды осы құбылыстарға шартты түрде ұмтылыс жасайтын тірі дене ретінде қарастыра отырып, Фараби соны-

мен бірге алға жылжу, даму, адамның кемелдену идеясын бекітеді.

Адам мен адамзаттың қоғам үшін маңыздылығы бар ма? Бұл сұрақтар араб тілдес философияға дейін өмір сүрген ерте ортағасырлық дәуірдегі ежелгі гректерді де ойландырган.

Философия мәселесі, жекелеген адам мен тұтас қоғам үшін оның пайдалылығы мен қажеттілік негізі, жас ұрпақты тәрбие-леудегі әдістемелік және тәжірибелік мәні, оның жан-жақты қызметі араб тілдес философтардың көзқарасындағы негізгі тақырып. Фараби үшін философия – білімнің ең жоғарғы түрі, қайырымдылықты дарытудың ең жақсы жолы, қоғамның мінез-құлық процесіне қажетті шарттылық. Ойшыл ежелгі екі ұғымды – жекелеген қала тұрғындарын «кіші қоғамға», жер бетін мекендеуші барлық адамзатты – ұлылыр қоғамына жатқызады. «Адам» деген түсініктің өзін Faраби ежелгі грек философтары сияқты ұлттық, нәсілдік, мемлекеттік, таптық көмкерумен шекемейді. Ондағы адам – әлем азаматы. Сонымен, білім мен мінез-құлық идеясын, философия гуманистік жолын дамыта отырып, Эл-Фараби ежелгі грек ой-санасы гуманизмнің тар шекарасын жалпы адамзат гуманизм идеясын жариялау арқылы көнектігі. Faраби адамдарды қайырымдылық-қа үйрету мен бақытқа қол жеткізу дегеніміз бір-біріне көмектесу деп түсінді.

Эл-Фараби адамның әлемді тануы мен оның денгейін шынайы түрде жіктейді. Мысалы, қарапайым адамдарды әлемге қалыптасқан дәстүрлі діни көзқараста болып, өзінше қарастырады. Заттардың мәніне тереңдей енүмен байланысты философиялық бағыт деген мәселе өмір сүреді. Ең ақырынды философиялық ақиқатты бұрмаланған түрде көрсететін теологтар бағыты бар.

Faраби дүниетанымы өзінің барлық рационалистік сенімі жағынан құдай идеясынан тәуелсіз емес дейтін болсақ, ондағы адам мәселесі де кез келген компонент жүйесіндегі: құдай-әлем – адам-қоғам және олар-

дың арасындағы байланыс, құдайдың мәні, құдайдың әлемге қатынасы, адамға ықпалы, адам табиғаты туралы негізгі дүниетанымдық мәселелердің шешімімен белінбейтін байланыста. Бұл мәселелерді Эл-Фараби ислам діні шарттылығында шешуге тырысты.

Бұл ойларды түйіндең айта келгенде, Faраби философияны үйрену үшін ежелгі грек ойшылдарынан бастап өзіне дейінгі ғалымдардың ой-пікірлерін сарапқа салады да, сонында өз ойларын айтады. Faрабидің пікірінше, ғылым мен философия адамы болу үшін қойылатын ең бірінші талап – ол адамның жан тазалығы, ар тазалығы бүкіл адамға, өз халқына деген таза махаббаты, ғылым мен білімге деген қалтқысыз құштарлығымен берілгендей. Бұл шарт орындалмаған күнде адам философияны үйрене де алмайды, үйрете де алмайды деп көрсетеді.

Эл-Фараби өзінің «Азаматтық саясат» кітабында: «Ақылы бар және потенциалды қабілеттері бар есті жануар өзіндейлермен біріккенде «саяси» немесе «азаматтық» жануар болып шығады. Ұмтылуши, қиялдаушы және сезінуші қабілеттер ақылды жануарларға да, ақылсыз жануарларға да тән қасиеттер, тек ақыл, парасатты қабілет қана адамдарды басқа жануарлардан ерекшелеп шығарады», – деп жазды.

Адамның қоғамдағы орнын белгілей келе, Эл-Фараби адам саяси бірлестіктерге енгенде өзіне «саяси» немесе «азаматтық» орнын белгілеп алғанда ғана қойған мақсатына жетуі мүмкін дейді. Адам әрекетінің, қабілетінің жоғары дәрежеге көтерілген жағдайында ғана ақыл-парасатының биік сатысына көтеріле алады. Faраби әрекетшіл ақыл-парасатты «адал рух», «қасиетті рух» және осындағы атаулармен атаған жөн деді.

«Ақыл-парасат күйінің жәрдемімен адам ғылымдар мен өнерлерді менгереді және мінез-құлықтар мен әрекеттердің жамандарынан жақсыларын ажыратады. Осының көмегімен ол нені істеу, нені іstemeu керек екенін пайымдап, сонымен бірге пайдалы мен зияндының, жағымды мен

жағымсыздық айырмасын танитын болады», – деп ұлғама адамдарды білімге ақыл парасаттылыққа, адамгершілікке шақырады.

Ұлғама адам ақыл-ойының жанжақты жетілуінің нәтижесінде табиғат пен қоғам сырын толық біліп алуына мүмкіндігі бар екенін айта келіп, адамзат қоғамындағы барлық мәселелерді шешуде, танып-білуде қабілетті ең басты күш ақыл-парасат деп білді.

Әл-Фараби «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» деген кітабында: «Ақыл-парасат күші адамның ойлаудына, пайымдаудына, ғылым мен өнерді ұғынуына, жақсылық пен жаман қылышты айырудына көмектесетін күш. Бұл күш практикалық және теориялық болып екіге бөлінеді. Теориялық күш – адамның дүниеде бар және қасиет жағынан біздің жасауымызға немесе бір қалыптан екінші қалыпқа өзгертуімізге келмейтін заттарды танып білуімізге көмектесетін күш», – деп адам ақыл-ойының дүниені танып білуде ерекше орын алатындығын баса көрсетті.

Әл-Фараби өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық, білім категорияларының негізін дәлелдеп берді.

Әбу Насыр Әл-Фараби – араб тілдес философиядағы рационалды дүниетаным шекараларын кеңейткен ең алғашқы әлеуметтік-саяси ойшыл. Адам және адамзат қоғамы туралы философиялық пайымдау өмірге келді. Бұл мәселені Құдай алдын-ала шешіп қойды деп түсінетін ортодоксальді дін басыларына қарсы шыға отырып, философиялық зерттеудің зандылығын дәріптеді.

Фарабиге дейін өмір сүрген Таяу және Орта Шығыс халықтарының қоғамдық-саяси ой-санасындағы рациональды бағыт өкілдері адамның саналы әрекетін ғана қарастырады. Олар адамды тек ақыл-ой мәселесі төнірегіне зерттегендіктен, ол туралы белгілі бір тұтас ілімді дамыта алмады.

Алайда адамды саналы тірі мақұлық ретінде сипаттау олардың негізгі идеялық мақсаты болды.

Адамды саналы мақұлық ретінде, осы белгілері арқылы оны барлық әлемнен бөліп қарастыру ең алғаш рет ортағасырлық мұсылман шығысында адам туралы жүйелі ілімді дағыландыру үшін негіз дайындаған алғашқы қадам болды. Рационализм, гуманизм және қоғамдық өмірдің жедел дамуы үшін құрес жүріп жатқан Фараби дәүірі философиясының алдында тұтас, екі абсолютті қарама-қайшы түсінік – құдайшылық және адамзаттық болып бөлінбейтін адамзат болмысының бейнесін құру мақсаты түрді. Ол діндар дін басыларының белсенділігі жағдайында қоғамдық саяси ғылымның негізін қалауга ұмтылыс жасады.

Қоғам мен адам мәселесіндегі Фарабидің идеялық және адамзаттық мақсатын қарастыру ондағы адамзат туралы мәселесін анықтайтын үш негізгі бөлімді бөліп қарауға мүмкіншілік жасайды: жалпы рационалистік мақсат өмірді түсінудің әвдемониялық принципі, сонымен бірге ақыл-ой мен мінез-құлыштың өзара байланысы, онтологиялық, гносеологиялық, әлеуметтік және психологиялық сипаттағы мәселелер өзара тығыз байланыста болғандықтан, ал кейде ол субъект пен объект, жалпылық пен жекелік, ақыл-ой мен ашылымдар, құдайшылық пен адамзаттық мәселелерімен де тоғыстаңдықтан және осы мысалдар ойшылдың алдындағы ең алғаш ортағасырлық мұсылман дәүіріндегі адам мен қоғам тұжырымына рационалистік жақындау болғандықтан ерекше тоқталамыз.

Фарабидің гуманизм мәселесі ақыл-ой, бақыт және адам болмысына тән құндылықтар ретіндегі қайырымдылық ілімінде көрініс тапты.

Фараби адамға ең үлкен игілік әкелетін адамзат болмысының мақсаты мен мәні ретіндегі әрекетті түсінді. Саналы қабілет – адамның табиғи қасиеті, ол әрбір адамға ерекше тән және барлық адамдарға жалпы.

Осыған келісе отырып, Фараби ежелгі грек софистері сияқты тегі мен жынысына қарастан адамдардың табиғи теңсіздігі туралы қорытындағы келеді. Софистер «барлық заттардың өлшемін» үнемі адамның өзінен, дүниелік-рухани бірлігінен іздесе, Фараби адам болмысының мәнін іздеуде саналы әрекет жағдайымен шектеледі. Мұндай шектеулік – иерархиялық қоғамдық құрылымды құдайшыл дүниеге көзқарас тәртібі көрінісі ретінде қабылдаушы, соның ізінше адамдардың табиғи идеясы үшін рухтаныс жайт. Сондықтан софистер де адамзат «табигат әлемі» қоршаған жарамдылықтың қарсы тұруындағы бір мәнділік – «зандар әлеміне» және де барлығының өлшемі ретінде адам әрекет етсе, Әл-Фараби ақылға қонымды таным субъектісі ретінде болмыстың құдайшыл жағдайын енгізетін таным объектісіне қарсы болады. Барлық заттардың өлшемі ретінде адамзат ақыл-ойы әрекет етеді.

Бақыт – ақыл-ой мен қайырымдылық қатарындағы Фарабидің гуманистік дүниетанымының негізгі өлшемі. Адам өзінің ерік-жігеріне байланысты қатыгездік пен қайырымдылықтың арасынан белгілі бір жолды таңдал алады. Бақыт дегеніміз – абсолютті қайырымдылық. Жер бетіндегі адамзат атаулының әртүрлігіне байланысты олар рухани заттарды ашуға да қабілетті, кейде басым, кейде әлсіз болып келеді. Мұндай қабілеттер бір-біріне қарама-қайшы. Алайда адам қайырымдылық жасауға, бақытты талаптанып табуға және кемелденуге қол жет-

кізу үшін табиғи диспозицияны ерік-жігер мен тәртіптің көмегі арқылы дағыландыру қажет. Үнемі жүргізіп отыратын еңбектің арқасында нығаятын және көрінетін әртүрлі енер мен ғылымдағы байқалатын бір-біріне қарама-карсы қабілеттеріне байланысты адамдар үнемі ерекшеленіп отырады. Кемелденген мемлекеттегі кез келген адам өзінің қабілеті мен дайындығына байланысты әрекет етеді. Адамның мақсаты бақытқа қол жеткізу. Алайда адам өзінің тұтыну талабын даралықта қанағаттында алмайды. Сол себептен олар қоғамдық қатынасқа бой ұрады. Олардың бірі билік құруга қабілетті болса, енді бірі тәуелді болуға бейім. Сондықтан да қоғамның басында міндепті турде қол астындағыларды бақыт жолына жетелейтін ерекше қабілетті адам болуы шарт.

Аристотель сияқты Әл-Фараби қайырымдылықты этникалық және рационалды деп екіге бөледі. Этикалық қайырымдылық – құш-куат, ерлік, кеңпейлілдік, әділеттілік; рационалды қайырымдылыққа даналық, интелект, көрегендік жатқызылады. Фараби үшін рационалдық және этикалық пайымдаулар бір-бірінен бөлінбейді. Осы түсініктердің өзара шарттылығынан шыға отырып, ол кемелденген адам мен қайырымды қоғамның гуманистік идеалын баяндайды.

Фараби өзі өмір сүрген қоғамда философияның алдыңғы орынға ие болуына ұмтылыс жасады. Тек философияның дәнекерлігі арқылы жер бетінде ақыл-ой, бақыт және қайырымдылық патшалығын ұйымдастыруға болады деп түйіндейді.

### Әдебиеттер

1. Қасымжанов А.Х. Әл-Фараби. – Алматы, 1997.
2. Байтенова Н.Ж. Шығыс философиясындағы кемел адам мәселесі. – Алматы, 2000.
3. Касымжанова А.А. Специфика мусульманской философско-политической мысли в творчестве Аль-Фараби: Автореф.дисс.докт. – Алматы, 1999.
4. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1973.

**Резюме**

В статье описаны различные человеческие ценности показанные в философии Аль-Фараби.

**Summary**

This article describes the different human values readings in the philosophy of Al-Farabi.



ӘОЖ 347, 378

**A.C. Қайнарова, магистр**  
ҚазЭКХСУ

**ҰЛЫМ ДЕЙТИН ЕЛ БОЛМАСА, ЕЛІМ ДЕЙТИН ҰЛ ҚАЙДАН БОЛСЫН....**

Мақалада автор Қазақстандағы балалар үйлері мен жетім балалардың ахуалын статистикалық мәліметтер негізінде қарастырган. Әсіресе соңғы 4 жыл ішіндегі сандық мәліметтерді зерттеп, талдан, гылыми айналымга енгізген. Мақалага арқау болған мәселенің өзектілігін ашу барысында автор көрші мемлекеттермен салыстыра отырып, пайыздық көрсеткішін шыгарған. Автордың мәлімдеуінше, соңғы жылдары Қазақстандағы жетім балалар санының төмендеу динамикасы байқалуда, оған патронаттық отбасы институты мен асырап алушыларды ынталандыру шаралары себеп болуда.

**Негізгі ұғымдар:** жетім балалар, балалар үйі, патронаттық отбасы, жәрдемақы, тәрбиеленуші.

Отбасы, балалар, отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүрлер біздің қоғамымыз бер мәдениетіміздің негізі болып табылады. Мемлекет балалық шақты адам өмірінің маңызды сатысы деп санайды.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыпты) және отбасы» кодексі [1] отбасылық-некелік қарым-қатынастарды белгілейді және реттейді. «Неке және отбасы, аналық, әкелік және балалық қоғам мен мемлекет қамқорында табылады» ҚР Ата Заңына [2], Қазақстан Республикасының «ҚР балалар құқығы туралы» Заңына сәйкес елімізде әрбір азаматтың толыққанды өмір сүрге тәрбиеленуге құқығы бар және бала мемлекеттің ең басты қазынасы екендігі осы заңнамаларда көрсетілген [3].

Балалардың, оның ішінде жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған балалардың құқықтары мен занды мұдделерін қорғау мемлекеттің ұстанған саясатың басым бағыттарының бірі болып табылады. Бұгінгі таңда Қазақстан Республикасында осы санаттағы балалардың құқықтарын қорғау саласына қажетті нормативтік-құқықтық база жасалынды. Осыған сүйене отырып, мемлекет әрбір баланы әлеуметтік саясаты бойынша қорғауға, қолдауға қатысты жобалар мен бағдарламаларды іске асыруда. Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңнамалық құжатында барлық балалардың тәндігі, олардың тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жаттындығына, әлеуметтік және мұліктік жа-

дайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тәң күкіңкә ие екендігі нақты көрсетілген.

Осы балалардың түрлі категорияларының бірі және ерекше көмекке зәру топтары – жетім және ата-ананың қарауынсыз қалған балалар.

Елімізде балалықтың базарын сезінбей, шын қуаныш қүле алмаған, ата-анасына еркелей алмаған сәбилер көбейіп барады. Иә, бізде жетім балалар саны көп. Тұған перзентіне тасбауыр көкек аналардың кесірінен жетімдер үйінде өсіп жатқан балалардың тағдыры ешкімді де бейжай қалдыра алмайды. Бұл өзекке өкініш үялатар жайт – бүгінгі күннің азы шындығы. Эрине, жетімдер үйі барлық мемлекеттерде бар. Алайда, қазақ – ежелден жетімін қаңғыртпаған, жесірін тентірепеген халық. Өркениет дамығаннан бері біздің елде де жетімдер үйі мен қариялар үйі қаптап кетті. Эрине, бұл тек жеке бастың емес, қоғамның қасиretі, трагедиясы [4].

Балалық атты әлемде қатыгездікке жол, зорлыққа орын жоқ. Өкініштісі, мына жарық дүниеге келмей жатып тағдыр тәлкегіне тастап кеткен анасының қатыгездігін сезінген бала мына жалған дүниеде зорлық, жауыздықтың да орын алатындығын тым ерте сезініп өседі. Қорғансыз баланың отбасында, қоғамдық орында қорлық не зорлықты көріп, бұл өмірден алыстап қалуы, өкінішке орай, әлемнің барлық елдерінде әлі де болса жи орын алатын қауіпті құбылыс. Адамзат санасын уақыт билеген қазіргі нарық заманында үлкендер баланың ішкі сырына көніл бөле бермейді.

Жетім бала – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала.

Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала – ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айрылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олардың

қайтыс болды деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мұдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған бала деп көрсетілген [3].

Соңғы кездері баласынан безген безбүйрек ата-аналардың қоғамда етек алу үрдісі байқалуда. Бауыр еті туған баласын саудаға салуы, әлеуметтік жағдайын алға тартып, ұл-қыздарын жетімдер үйіне откізуі, ішкілік пен нашақорлықтың соңына тұсудің нәтижесінде ата-ананың баласына құқықтары шектеліп, баланың жетім қалуы секілді көріністер құнделікті сипат алғандай. Нәтижесінде адами құндылықтардың орны мен реті ауысып бара жатқан бұл заманда еліміздегі жетім балалар санының көрші елдермен салыстырғанда салыстырмалы турде жоғары болуы өзекті мәселе болып отыр. Жетімін жылатпаған, жесірін еліне қайтармаған, балалар үйін қажет етпеген еліміздің бүгінгі жағдайы тым басқа. Жалпы, Қазақстан Республикасында 2014 ж. мәліметтер бойынша жетім балаларға және ата-ананың қарауынсыз қалған баларға арналған 188 балалар үйі жұмыс жасайды. ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің 2014 ж. жасаған баяндамасына сүйенсек, елімізде 32362 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тіркелген. Бұл 32362 баланың барлығы толық жетім емес, көпшилігінен ата-аналары бас тартқан немесе балаларына құқықтары шектелген. Барлық балалар үйінде тәрбиеленушілердің 81,6%-ның ата-аналары тірі, тек қалған 18,6%-ның бір немесе ата-анасының екеуі де қайтыс болған. Демек, 6000-ға жуық баланы толық

жетім деп айтуға болады [5].

Дүние есігін ашқан әр сәби жетім болу үшін не тастанды бала атану үшін өмірге келмейді. Ата-ананың жылуын сезінуге әркімнің құқығы бар. Ата-бабамыз ежелден-ақ бұл ақиқатты білген, сондықтан отбасындағы баланы ешуақытта жетім қалдырмаған, тіпті туыстарының да балаларын өз отбасына алғып тәрбиелеген. Бүгінгі нәресте ертеңгі күні ұлттың болашағы, мемлекеттің потенциалы, байлығы болатынын түсінген. Республикамыздығы жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынысыз қалғандар көрсеткіші жылдан жылға азаю үдерісі қөнілге медеу болуда. Сөзімізді дәйектесек, 1999 ж. Қазақстан Республикасында жетім және ата-анасының қамқорлығынысыз қалған 98 мың бала болса [6], 2009 ж. – 46 мыңнан астам [7], 2011 ж. – 36777 [8], 2012 ж. – 34785 бала, 2013 ж. – 33682-ге азайған [9], ал 2014 ж. – 32362 жетім бала тіркелген [5]. Бұл мәліметтер Қазақстандағы жетім балалардың саны жылдан жылға азайып келе жатқандығын көрсетеді. 1999 жылмен салыстырғанда жетім балалардың саны 3 есеге азайған.

Бұл құрғақ статистикалық сандық мәліметтерді республикамызben ғана шектеліп қарастыру бұл проблеманың еліміздегі толық ауқымын түсіндіруде жеткіліксіз.

Балалар үйіндегі балдырығандардың шекара асып кетуі, шетелдік ата-анасының қамқорлығына өтуі елімізде көптен бері дау тудырып келе жатқан мәселе. Елімізде тастанды балаларды тәрбиелейтін мекемелер бірінен соң бірі ашылуда. Ал оны толтырып жатқан қаракөздеріміздің саны қаншама. Соңғы кезде елімізге бала асырап алуға ниеті бар шетелдіктердің де көп келетін бекер емес. Еліміз шетелге бала беру көрсеткіші жағынан әлем бойынша үшінші орында тұр.

Қазақстанда халықаралық асырап алушылық 1999 ж. бері руқсат етілген. 2011 ж. 26 желтоқсандағы күшіне енген «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» КР Кодексімен шетелдік азаматтармен бала асырап

ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКА, КАРЖЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА УНИВЕРСИТЕТИНІҢ ЖАРШЫСЫ, 2015. – №4.

алу үрдісі тұжырымдамалы түрде өзгертілді:

- егер бұрынырақ шетелдік бала асырап алушылар тікелей асырап алатын болса, қазіргі таңда асырап алу мәселелеріне тек заңды тұлғалар – агенттіктер, КР аумағындағы өздерінің филиалдары мен өкілдіктері арқылы жіберілетін болды;

- бала асырап алушыларды іздеу және бала асырап алу үрдісін рәсімдеу бойынша қызметті жүзеге асыратын агенттіктерге Қазақстанда олардың құқық қабілеттілігін ресми түрде тану үшін балалардың құқықтары мен мұдделерін қорғау саласындағы уәкілдепті орган Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалар құқықтарын қорғау жөніндегі комитетте аккредиттеу рәсімінен өтуі қажет болады;

- отініш берген кезде өз мемлекеттің аумағында аталған салада өз қызметтің кемінде он жыл жүзеге асырып жүрген бала асырап алу жөніндегі агенттіктер аккредитациялауға жатады;

- агенттіктер 1 жыл мерзімге аккредиттеледі;

- егер агенттікпен заңда белгіленген барлық талаптар сақталған болса, бұл мерзім автоматтарты түрде созылады;

- аккредиттеу тәртібі, құжаттар тізімі, өткізу мерзімі Кодекспен нақты реттелген;

- аккредиттеу туралы не одан бас тарту туралы шешім 10 жұмыс күні ішінде қабылданады.

Айғақ болатын тағы бірер сандарды келтірелік. Он жыл ішінде жәудіркөз жетімдер жуықтап алғанда әлемнің 30 еліне әкетілген. Біздің жетім балаларымызды асырап алудан бірінші орында – АҚШ (6406 бала), екінші орында – Испания (600), үшінші орында Бельгия (343) тұр. Одан әріде немістер – 173, канадалықтар – 167, ирландықтар – 140, француздар 131 баланы асырап алған. Енді мынадай бір қызық дерекке назар аударалық. Шетел асқан 8169 тұл жетімдердің 3752-сі – қазактар (45,9%), 4057-сі – орыстар (49,7%) және 360 басқа ұлттар (4,4%) екен. Онда да басқа ұлттар-

дың арасында өзбек, тәжік, түркмен, қыргыз ұлтының бірде-бір баласы жоқ. Неміс, украин, белорус, татар, поляк, молдован, грек, көріс, грузин, шешен, армян және үйғыр ұлтының өкілдері ғана бар. Ал жоғарыдағы шетелдіктерге асыраттық деген желеумен сатып жіберген 9 мынданай сәбімізді былай қойғанда, еліміздің әр облыс орталықтары мен қала-қалашықтарындағы жертөлелерді панарап күн көріп жүрген үй-күйсіз қаңғыбастар қатарындағы балаларымыз қаншама [10]??!

Бұл жетімдер жөніндегі ресми дерек ал, бейресми деректерге келсек, жыл сайын елімізде 100 мындан астам бала ата-анасты бола тұра, олардың қарауынсыз қалуы салдарынан кезбейлікке, яғни қаңғыбастылықка салынады еken. Бала деген ұғымның қадірі кеткен дәүірде күл-қоқыс арасынан да сәбілдер табылып жатыр.

Осындай жағдайларды қарап отырып, қазақ халқының бойына сіңген мейірімділік, бауырмалдылық қасиеттерін жоғалтып, жолдан тайып бара жатыр-ау деп күмәнданамыз! Әрбір адам баласы дүниеге жетім болу үшін келмейді. Сондықтан да қатыгездікке жол бермеген абзал!

Жетімдер үйінен тәрбиеленіп шықкан бала әрі қарай қайда барады? Бұл қатал дүниеде, қоғамда өз орнын қалай табады? Әке ақылымен сузындаған, ананың ыстық алақанын сезінбеген балада жалпы адамзат баласына, қоғамға деген реніш пайда болып, қатыгез тұлға қалыптасуы мүмкін. 18 жасқа толған бойжеткен не бозбала өмірдің ағымына ілесе алмай, қайда барса да кедергілер мен келіспеушіліктер алдынан шығып, оған төзе алмай қылмысқа барады. Заң нормаларын бұзған адам жазага тартылады.

Жоғарыдағы өзекті мәселелердің болмауы үшін мемлекет, қоғам тарапынан назар аударылып, заңдық базаны барынша жетілдіріп, жетім балалардың мұдделерін қорғауымыз баршамыздың адамзаттық парызымыз деп түсінуіміз керек. Алдымен осы

жетімдер мәселелеріне қатысты арнайы көпжылдық, тұрақты әрі мұдделерін көздейтін бағдарлама әзірлеп, сол бойынша нақты әлеуметтік проблемаларды шешуіміз қажет.

Занда шетелдік ата-аналар қамқорлығына берілген балаларға консульдық мекемелер арқылы бақылау жүргізу қарастырылған. Дегенмен, мұның бәрі толық деңгейде атқарылып жатыр деп айта алмаймыз. Қоғамда осы мәселеге қатысты сұрақтар туындаған соң, ол балалардың тәрбиесі, жағдайы қалай болып жатқанын бақылауға алуымыз керек.

Шетел асып кетіп жатқан балаларымыздың жағдайын бақылап тұратын арнайы комиссия құрылып, оларды жіті бақылап отыру қажет. Шетелдік ата-аналар қамқорлығындағы балалардың жағдайын көрсететін суреттер жіберіп тұру немесе баланың өзі жылына бір рет келіп тұруын қарастырғаны дұрыс.

Статистикалық мәліметтер мен зердеуіндегі қорытындысында жетімдік еліміздегі кеңінен жайылып бара жатқандығы көрінеді.

«Шығармашылық бастама жөніндегі әйелдер лигасының» жетекшісі Әсия Хайруллинаның мәліметінше: «Осы жағдайды реттеудің бір жолы ретінде, әлгіндегі балалардың арнайы мекемеде емес, отбасында тәрбие алуы керек деген ұсыныстар айтылуда. Бұл ойды жүзеге асыру мақсатында 2004 ж. бері Қазақстанда жетімдер үйлерінің балаларын уақытша отбасына тәрбиеге беру жұмыстары жүргізілген болатын. Соның нәтижесінде Қазақстан бойынша 1500 бала отбасы жағдайында тәрбиеленуде». 2011 ж. мәлімет бойынша жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалардың 23852-сі қамқорлықта, қорғаншылықта, патронаттық тәрбиеде, 12 925-сі интернаттық мекемелерде [11]; 2013 ж. – 23 803 бала отбасыларда қорғаншылықта және қамқоршылықта, патронаттық тәрбиеленуде, 9 879 бала білім, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау жүйелерінің мекемелерінде; 2014 ж. – 23170 бала

қамқорлықта, қорғаншылықта, патронаттық тәрбиеде, ал 9192-сі интернаттық мекемелерде тәрбиеленуде [5].

Жетім балаларды өзінің отбасында тәрбиелеуге алып, оның окуын, тамағын, киімін тауып беру секілді құнделікті тұрмыстық мәселерді шешуді мойнына алу өте құрделі мәселе. Сондықтан еліміз патронат болған отбасыларға ай сайынғы көмек ретінде жәрдемақы тағайындаған. 2005 ж. бір балаға бір айда 17000 теңге төленетін. Отбасына жетім баланы тәрбиелеуге алған азаматтарды материалдық қолдау мақсатында қолданыстағы заңнамаға сәйкес патронаттық тәрбиешіге әр балаға ай сайын 10 АЕК мөлшерінде жетім балаларды күтіпбағуға арналған ақшалай қаражат және қосымша (еңбек өтілі мен категориялық санатына байланысты) 2011-2014 жж. 36000-60000 теңге шамасында айлық төленеді.

Болашакта жетім балалардың саны тағы да төмендеу үрдісі күтілуде, себебі 2015 ж. бастап Елбасының тікелей тапсырмасымен 2014 ж. республикалық бюджетке асырап алушыларды ынталандыру мақсатында, шығындарды көтеру мақсатында комиссия құрылып, нәтижесінде 2015 ж. бастап жетім баланы қолына аламын деушілерге бір реттік 75 АЕК (1 АЕК – 1982 теңге) – 148650 теңге мөлшерінде жәрдемақы тағайындалды. Бұл да өз кезегінде еліміздегі жетім балалар санының төмендеуіне септігін тигізеді деген ойдамыз.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Аслан Сәрінжіпов: «Біз баламалы отбасылық құрылымдарды жетілдіру арқылы балалар үйлеріндегі жетім балалар санының азауына қол жеткіздік. Жыл сайын еліміздегі жетім балалардың саны мындан астам балаға азайып, керісінше от-

басылық құрылымдармен қамтылған балалардың саны көбейіп келеді», – деп мәлімдеді [12].

2014 ж. бастап Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жеке ынтасымен Қазақстанда жаңа стратегиялық іс-шара – «Отбасы қуні» тойланатын болды. 2013 ж. 8 қыркүйегінен басталған бұл мейрам қыркүйектің әр екінші жексенбісінде атальп өтетін болып бекітілді. Бұл жөнінде ұлт көшбасшысы: «Біздің қоғамда отбасы әрқашанда рухани және мәдени дәстүрлердің сақтауышысы, түрлі буындар арасын жалғастыруши болды және солай болып қала бермек. Отбасы қуні біздің қоғамымызда руханилықты, өнегелілікті нығайтуға, ерлі-зайыптылар жауапкершілігінің маңыздылығын сөзсіз мойындаға ықпал етеді. Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталады. Туған шаңырақтан алған тәрбие – бұл барша халқымыздың бакуатты да табысты болашағының кепілі», – деген болатын [13].

Бала бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыратын қағидаларының басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мұдделерін іске асыруға байланысты туындастын катынастарды занмен реттеу керек. Балаларға толымды тәрбие беруді, құқықтарын қорғауды мемлекет және қоғам, баланы асыраушылар өз мойнына алса, бұл өзекті мәселелердің қатарынан шығар еді.

«Ел боламын десен, бесігінді түзе» демекші, әлемнің бәсекеге қабілетті ең дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруді ойласақ, алдымен бала тәрбиесіне, отбасылық құндылықтарға көңіл бөліміз керек. Мемлекеттің ең басты байлығы да адам екендігін бір уақытқа да естен шығармаған абзал.

## Әдебиеттер

1. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 ж. 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 ж. 30 тамыз.
3. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 ж. 8 тамыздағы №345 Заны.
4. Бала тәрбиесі журналы. – 2013. – №9.
5. Доклад о положении детей в Республике Казахстан. – Астана, 2014. <http://www.bala-kkk.kz/ru>.
6. Қазақстанда жетім балалар саны 1999 жылдан бері 3 есеге азайған. – 2013 ж. 8 ақпан. <http://bnews.kz/kk/news/post/123938/>
7. Соңғы жылдары елімізде балалар үйіндегі жетімдер санының төмендеуі байқалып отыр. – 2012 ж. 23 қаңтар. <http://www.inform.kz/kaz/article/2435315>
8. Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама. – Астана қаласы, 2011. <http://www.bala-kkk.kz/ru>
9. Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама. – Астана қаласы, 2013. <http://www.bala-kkk.kz/ru>
10. Шет ел асқан қазақ қаракөздері // ҚР БФМ. <http://www.inform.kz/kaz/article/2745772>. – 12.02.2015.
11. Қазақстан Республикасындағы балалардың жағдайы туралы баяндама. – Астана қаласы, 2011. <http://www.bala-kkk.kz/ru>
12. Қазақстанда жыл сайын жетім балалар саны // ҚР БФМ. <http://www.inform.kz/kaz/article/2745772>. – 16.03.2015.
13. Елбасы қазақстандықтарды отбасы құнімен құттықтады. <http://strategy2050.kz/news/1227>. – 08.09.2014.

### ***Резюме***

В данной статье рассматривается защита прав казахстанских детей за рубежом, а также права детей-сирот, в указанной сфере, основываясь на сохранении проверенной законности нашей страны, была рассмотрена актуальность данной проблемы.

### ***Summary***

This article discusses the protection of the rights of Kazakh children abroad, as well as the rights of orphans; in this sphere, basing on the retaining proven legitimacy of the country has been considered the relevance of this problem.



ӘОЖ 373.1.013:39 (043.3)

*A.A. Медембекова, магистр, оқытуши  
ҚазЭКХСУ*

### **ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОДИДАКТИКАЛЫҚ ИДЕЯЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ**

*Мақалада қазақ халық педагогикасының этнодидактикалық идеяларын қазіргі мектептегі білім беруде қолдану, сонымен қатар оқушының тұлғалық ерекшеліктерін дамыту және қалыптастыру қарастырылған.*

*Негізгі ұғымдар:* этнодидактика, этномәдени, халық педагогикасы, салт-дәстүр, әдем-әүрүп.

Қазақ халық педагогикасының этнодидактикалық ғылыми өскелен ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі ғасырлар сынынан өткен халықтық тәжірибие негізінде қалыптастып, өзіндік дамуға ие болды. Халық педагогикасындағы озық идеялар қазақ халқының тіршілік тынысымен, ұлттық тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жетіп отырды. Оқыту мен тәрбиенің этномәдени бағыттылығы Қазақстан Республикасының қазіргі білім беру саясатындағы басты бағыттардың бірі болып отыр. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұжырымдамада елімізде тұратын барлық халықтар мәдениеттің өзіндік ерекшелігіне тиісті көніл бөлінетіндігі, кез келген мәдениет қайталанбас, тенденсі жоқ қазына екендігі және қай халық болмасын өзін дүниежүзіне сол арқылы танытатындығы айтылған [1].

Ұлттық білім беру, оқыту мәселесі Әл-Фарабидің, Ж. Баласағұнның, М. Қашқаридің еңбектерінен бастау алады. Ұлттымыздың ұлы тұлғалары түркі халықтарының білім беру, оқыту ерекшеліктеріне үлкен мән бере

отырып, ұлттық оқыту әдіснамалық негізін жасады. Педагогикалық ойлардың тарихында Әл-Фараби оқыту теориясын білім жүйесі ретінде анықтауға алғаш талпыныс жасады деуге толық негіз бар. Білім беру мазмұнын игеру тәсілдері бойынша көлемді дидактикалық еңбек ретінде «Музыканың үлкен кітабын» ерекше атап өтуге болады. Қазіргі педагогика ғылымында білім беру мазмұнының әрбір түріне тән менгерудің белгілі бір тәсілі бар екендігі анықталған. «Музыканың үлкен кітабы» еңбегінде музыкалық білім беру мазмұнын менгерудің тәсілдері мен деңгейлерін анықтап береді. Ғұламаның ұсынған музыка және оны орындау тәсілдері туралы білім, музыкалық орындау тәсілдерін іске асыру тәжірибесі, музыкалық шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі, музыканы қабылдау, түсіну және есте сақтау, әуенде үлгі бойынша орындау, жаңа музыкалық пішіндерді жасау әрекеті – музыкалық кемелділік, музыканы қайта шығаруға мүмкіндік беретін қабілетке ие болу, әуенде ұғынып орындау, табиғи қабілеттеріне сай дарындылық дәрежесіне жету музыкалық білім беру мазмұнын менгеру болып табылады.

Ғалымның еңбектерінде дидактикалық принциптердің тұжырымдалуына да орын берілген. Дидактикалық принциптердің оқытудың жалпы мақсаты мен занылыштағына сәйкес оның мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін анықтайтын негізгі қағидалар екендігі қазіргі педагогика ғылымында белгілі. Әрбір дидактикалық принцип белгілі бір әдіснамалық ұстанымға сәйкес келеді. Сондықтан біз зерттеу барысында оның педагогикалық іліміндегі әдіснамалық ұстанымдар мен дидактикалық принциптердің өзара байланысын ашып көрсетуді жөн көрдік.

Педагогикалық жүйесіндегі бір ерекшелік – ол әдіснама мен әдістеме мәселелерін тығыз байланыстырып, тұтастырып отырады. Мұндағы оның ұстанған дидактикалық қағида: «білімнің бастамасы – болмыстың бастамасына сай келу» туралы қафіда. Бұл қағида логикалық ойлау әдістерімен тығыз байланыста теориялық ғылым жасауға, оны дидактикалық түрде орналастыруда жаңа ғылыми-педагогикалық әдісті тудыруға мүмкіндік береді. Осындағы әдіс арқылы кез келген пәнді әдіснамалық тұрғыда дұрыс баяндау үшін оның негізгі принциптерін – бастамаларын ашып көрсетуді бірінші кезекке қояды. Әдіснамалық негізі: білім топтамасы мен мазмұны туралы ілім, парасат жайындағы ілім, заттардың адамның сезім мүшелеріне әсері туралы ілім, ғылыми білімнің теориялық және эмпирикалық мәні туралы ілім, таным теориясы, ізгілendіру ілімі. Оқыту принциптері: жүйелілік пен бірізділік, саналылық, көрнекілік, теория мен тәжірбиенің байланысы, ғылымилық, оқытудың тәрбиелік сипаты [2].

Ғалымның еңбектерінде ғылым мен философияны оқып-үйрену үшін жекелеген әрекеттерден, тәсілдерден тұратын оқыту әдістері нақты тұжырымдалып, білім беру, оқыту және адамдар арасындағы ой алмасу үдерісі кезінде танымдағы тіл мен тәжірибелің маңызды ролін ашып көрсету арқылы оқытудың сөздік және тәжірибелік әдісте-

рінің мәні анықталады, сонымен бірге музыка, сөз өнері, философия және басқа да ғылым салаларын оқытудың құралдарына мазмұндық сипаттама беріліп, олардың атқаралықтын қызметі ашып көрсетіледі.

«Құтты білік» дастанында оқытудың теориялық негіздері (дидактика) сол уақыттың талабы тұрғысынан өте жоғары деңгейде айқындалған. Дидактиканың негізгі ұғымдары – білім, білік, дағды ұғымдарының мәні ғұламаның тәлім-тәрбиелік идеяларында көрініс тауып, өзіндік мағына мен мазмұнға ие болады. «Білім-інжу, түбінде-анық, қойма сан»; «Ақыл, білім ең әз нәрсе, күшті нық, егер болса, істет, ұшып көккө шық»; «Ақыл – шырақ, қара тұнді ашатын, білім – жарық, нұрын саған шашатын»; «Білім – байлық, азаймас һәм жоғалмас, еш қарақшы, ұрыға да тоналмас», т.б. Білік – «Ақылды – ұлы, біл, білімді білікті, екеуі ұлы етер, конса жігітті»; «Ақыл қайда болса, ұлылық толады, білім кімде болса, сол білікті боллады»; «Біліктіні тыңда, ақылдың үлгіліктері, білімді сөз – шырын, жанның құнары»; «Білік мәнін біл, не дейді білген ер: білім білсең, бәле жүрмес іргеден», т.б. Дағды – «Білік берді – адам бүгін жетілді, ақыл берді – талай түйін шешілді»; «Оқу-току берер білім, парасат, оның бәрі ақыл емес, қарасақ»; «Біліп сөйлеп, біліммен бу тілінді, ұғып іс қыл бастағы ақыл-пірінді», т.б.

Ардақтаған асыл қасиеттің бірі ақыл болса, дастанда білімнің мәні ақыл арқылы жинақталатын жанның қоры ретінде анықталады, яғни білімнің ең басты белгісі адамда ізденудің арқасында пайда болып, ақылестің қызметімен толысатын рухани қазына болып табылады. Білім дастанда бар жақсылықтың көзі саналады. Кісі құдіреті мен қасиеті таныммен десек, таным оқып-үйрену, білім алу барысында қалыптасады. Оқу мен білім алу адамның ең асыл танымдық әрекеті, өйткені білім адамды ізгілікке, адамшылыққа үйретіп, оның бойында адами құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Білімнің адам болудағы қасиетті көрінуі

ҚАЗАҚ ЭКОНОМИКА, КАРЖЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАРШЫСЫ, 2015. – №4.

оның таным көзі болуымен байланысты. Дастанда білімнің мәні осы тұрғыдан терең ашып көрсетіледі, себебі адам өмірі мен тіршілігінің мәні танып-білүмен құнды болып есептеледі. Әрбір адам өзі мен дүниені та-нумен ғана өмірін мәнді етіп, арман-мұра-тына жетеді. «Қанша білсең, ізден тағы, тағы да, білікті адам жетер тілек, бағына» дей отырып, ғұлама бақытқа жетудің жолы білім екендігін баса айтады. Ж. Баласағұнның педагогикалық тұжырымдамасынан оның білімге әр қырынан сипаттама бергенін ай-қындауға болады. Білімнің тағы бір сипаты ретінде ғұлама оның адамды құрметті, абы-ройлы ететіндігі, яғни адам білімімен беделді, құрметті бола алады деген тұжырым жасайды. Дастанның өн бойында білімнің құрмет көзі екендігі жиі айтылып тұрады. Бұл жерде ғұламаның өзі таныған ақиқатты жастардың санасына сініру қажеттілігін көз-деп отырғаны анық байқалады [3].

Ж. Баласағұнның еңбегінде дидактика-ның көкейкесті мәселесі – білім беру мазмұны қарастырылады (1-сурет). Білім беру мазмұны арқылы жеке тұлғаны қалыптасты-

рудагы адам баласының іс-әрекет тәсілдерді менгеруі мен жүйелі білім алуы, білік пен дағдының қалыптасуы, ақыл-ойы мен сезімінің дамуы, таным арқылы көзкараста-рының қалыптасуы жүзеге асырылады. Ж. Баласағұн білім беру мазмұнын білім, білік, дағды, шығармашылық іс-әрекет, дүниеге және қоршаған адамдарға қатынас құрайтының негіздел, мұның өзі дүниенің бейнесін қалыптастырудың әдіснамалық не-гізін, мәдениетті қайта жаңғырту мен сақтауды, мәдениетті дамытуды, еңбекке, оның нәтижелеріне, адамдарға қатынасты қамта-масыз ететіндігін тұжырымдайды.

Сонымен, оқушыларға қазақ халық пе-дагогикасының этнодидактикалық идеяла-рының дамуына үлес қосқан ғұлама ойшыл-дардың және ағартушы педагогтардың ең-бектері мен этнодидактикалық идеялары-ның маңызының ролі жоғары. Жоғары си-нып оқушыларын оқыту үрдісінде қазақ халық педагогикасының этнодидактикалық идеяларын бойларына сінірту, оқыту, қол-дану тиімді нәтижелігін бере алады.



*1-сурет. Ж. Баласағұнның еңбегінде білім беру мазмұнының сипаттамасы*

М. Қашқаридің педагогикалық тұжырымдамасының негізін дидактика мәселелері құрайды. Ғұлама арнайы «дидактика» терминін қолданып, оны педагогикағылымының саласы – оқыту теориясы ретінде анықтамағанымен, оның еңбегінің өн бойынан дидактикалық мазмұн айқын көрініп тұрады. Дидактиканың қазіргі кезде арнайы ғылым саласы ретінде анықталып, оның заныңдылықтары мен негізгі зерттеу мәселелері айқындалып отырған бүгінгі таңда ғалымның еңбекіндегі дидактиканың көрініс беруін аңғару қын емес. Дидактикасын екі деңгейде қарастыруға болады: жалпы дидактика және дербес дидактика. Жалпы дидактика тұрғысынан алғы қарасақ, біріншіден, ғұлама білім беру, оқыту, үйрету, пайымдау сияқты дидактиканың негізгі ұғымдарына анықтама берген, екіншіден, білім беру мазмұнын, оқытудың принциптерін, әдістері және құралдарын айқындаған [4].

Сонымен, окушыларға этнодидактикалық білім беру балаларға ана тілін, төл мәдениеті мен ұлттық құндылықтарын, жалпы адамзаттық мәдени қазынаны игерте отырып, олардың мәдениетаралық ұлттық сана-сезімі мен этномәдени сәйкестілігін қалыптастырып, төзімділігін тәрбиелеуге бағытталған білім беру жүйесі болып табылады. Кез келген этнопедагогикалық құбылыстар мен фактілерді оқып-зерттеу жән оларға сипаттама беру үшін теориялық-әдіснамалық аппаратты қолданбай іске асыру мүмкін емес. Қазақ халық педагогикасының этнодидактикалық идеяларының дамуына үлес қосқан ғұлама ойшылдардың және ағартушы педагогтардың енбектері мен этнодидактикалық идеяларының маңызының ролі жоғары. Жоғары сынып окушыларын оқыту үрдісінде қазақ халық педагогикасының этнодидактикалық идеяларын бойларына сіңірту, оқыту қолдану тиімді нағтижелігін бере алады.

### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заны // Егемен Қазақстан. – 2007.
2. Қазақстан Республикасының 2011-2020 жж. білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
3. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы: Наука, 1972. – 430 б.
4. Әл-Фарабидің педагогикалық іліміндегі негізгі ұғымдар // Қазақстан жоғары мектебі. – 2007. – №1. – Б. 15-18.
5. Баласағұн Ж. Тәрбие мақсаты туралы // Жоғары оқу орындарында білікті мамандар даярлаудың өзекті мәселелері: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалы. – Т.2. – Тараз, 2007. – Б.42-46.
6. Махмұт Қашқаридің педагогика ғылымының қалыптасуына қосқан үлесі // Ұлттағылымы. – 2007. – №1. – Б. 29-32.
7. Махмуд Кашгари. Памятники древнетюркской письменности. – М.: Высшая школа, 1991. – 135 с.
8. Коменский Я.А. Великая дидактика // Избр. соч. – М., 1995. – С. 472.
9. Песталоцци И.Г. Избр. пед. произведения. – Т.2. – М., 1963.
10. Дистервег А. Руководство к образованию немецких учителей // Избр. пед. соч. – М., 1956. – С. 55-112.

### Резюме

В статье рассматриваются дидактические возможности идей казахской народной педагогики при научно-обоснованном применении в школьной практике позволяют повысить качество обра-

зовательного процесса, формировать и развивать национальную культуру личности школьника.

*Summary*

Didactic possibilities of ideas of the Kazakh national pedagogics at the scientifically-proved application in school practice allow to raise quality of educational process, to form and develop national cultures of the person of the schoolboy.



№4.

ӘОЖ 371.315 (81'243)

*А.И. Адильханова, аға оқытушы  
ҚазЭКХСУ*

**СТУДЕНТТЕРДІҢ ІЗДЕНІСІ МЕН ОЙЛАУ ШЕБЕРЛІКТЕРІН  
ДАМЫТУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Мақалада шет тілі сабактары арқылы студенттердің гылыми ізденісі мен ойлау шеберліктерін дамыту маңыздылығы қарастырылады. Автор ағылшын тілі сабактарында ұлт тәгдышыры, тарихы, қоғамдық және саяси өмірі, өнері және мәдениеті, экономикасы, өз еліміздің ұлы адамдарының өмірі мен еңбектері, салт-дәстүр, мәдениет тақырыптарын қамтитын оқу материалдарының көмегімен студенттердің интерпретациялау, талдау, бағалау, қорытындылау, түсіндіру және өзін-өзі реттеу сияқты іздену және ойлау шеберліктерін қалыптастыру, оларды одан әрі дамыту жолдарын талқылайды.

**Негізгі ұғымдар:** гылыми ізденіс, шығармашылық ойлау, сынни ойлау, әлеуметтік ойлау, Б. Блум таксономиясы, когнитивті іскерліктер, іскери қарым-қатынас.

Ағылшын тілін оқытуда студенттердің ойлау шеберліктерін тиімді қалыптастыру міндеттерінің бірі олардың шығармашылық түрғыдан ойлау және іздену шеберліктерін қалыптастыру болып табылады. «Студенттің өз білімін өзі бағалай алуы, тәуелсіз пікір бере білуі оның білімінің сапасын ғана емес, жеке тұлға ретінде де қабілеті мен білгірлігін, қоршаған ортаға икемділігін айфактайты» [1].

Галым Е.С. Полат: «Постиндустриалды қоғам студентті өздігінен ойлай алатын, қындықты жеңе алатын, өздігінен шешім қабылдайтын тұлға болуы керек», – дейді [2].

Студенттің шетел тілі арқылы айналаны тану, өзіне қажеттіні таңдай алу, өз бетінше

іздену, білім деңгейін арттыра білу қабілеттерін дамытуда ойлау, іздену шеберліктерін қалыптастырудың маңызы үлкен.

П.А. Фасион ағылшын тілі сабактарында ойлауды алты когнитивті шеберліктер арқылы анықтайды: интерпретация, анализ, бағалау, қорытынды, түсіндіру және өзін-өзі реттеу [3].

Интерпретациялық шеберлік ақпарат, ситуация, т.б. жұмыс түрлері бойынша түсіну мен пікір білдіру, негізгі элементтерді анықтау, оларды кейіпкерлермен салыстыра талқылау арқылы көрінеді. Қорытындылау шеберліктері сәйкес ақпаратты болжau және мүмкін болатын нәтижені мәліметтерден, ақпараттардан, ұсынылымдардан анықтау

болып табылады. Өзін-өзі реттеу шеберліктері ойлау шеберліктерінің ішіндегі ең маңыздысы. Өзін-өзі реттеу студент сұраққа жауап бергенде, пайымдау жасағанда, дәлелдеуде саналы түрде өзін-өзі қадағалауы, бағалауы болып табылады.

Олай болса, ойлау, іздену дегеніміз – студенттің ақпаратты қорыта және бағалай алу қабілеті. Ойлы студент, ойлаушы студент – мәселе көтере алатын, қажетті ақпаратты жинақтап, бағалай алатын, нақты сұрыптай алатын, түрлі пікірлерді қолдана отырып, басқалармен қарым-қатынас жасай алатын болашақ маман. «Ағылшын тілі сабактарында ойлау тапсырмаларын қолдану арқылы өз пікірі бар, басқаның пікірін есепке алатын, өздігінен шешім қабылдауға және жаңа ой-пікір ұсынуға қабілетті студенттің сенімділігін, өзіндік сана-сезімін, дербестігін, қалыптастыруға ықпал етеді» [4].

Ағылшын тілі арқылы ойлау және ізденісті қалыптастырудың студенттің қажетті, қызықты ақпаратты қабылдауға танымдық қажеттілігі пайда болады. Егер ақпарат студент үшін жаңа болса, оны нақтылау, анықтау қажеттілігі пайда болады, егер ақпарат студентке таныс болса, оны толықтыру, түсінідіру ынталысы пайда болады. Студенттің саналық ажеттілігі қызығушылыққа ұласады. Студенттің мақсатқа ұмтылуы арқылы танымдық қажеттілігі пайда болады. «Сондықтан ағылшын тілі арқылы студенттің қабілеттілігін қалыптастырудың студенттің танымдық әрекетінің мотиві ретінде жоғары білікті маман болуға ұмтылу, жоғары төлемді жұмыс табу, түрлі бағыттағы бағдарламаларға қатысып шетелде білімін ұштау, өзін-өзі жетілдіру, бағалау, т.б. шығады» [5].

Ендеше ағылшын тілін оқытуда студенттердің даярлығын қалыптастыру мүмкіндіктерінің бірі – оку материалына кәсіптік бағыттағы мәтіндер мен жергілікті, ұлттық мәндегі ақпаратты қамтитын аутентикалық материалдар негізінде студенттің патриоттық, азаматтық қасиеттерін дамыту мүмкіндігі. «Ағылшын тілі халықаралық тіл болған-

дықтан, болашақ маманның халықаралық сахнада, мемлекетаралық жиындарда ағылшын тілінде өз ұлтының өмірі, тарихы, қоғамдық және саяси өмірі, өнері және мәдениеті, экономикасы жайлы ақпаратты ауызекі тілде қолдану шеберліктерін қалыптастыру үшін оку материалдары өз еліміздің ұлы адамдарының өмірі мен еңбектері, салт-дәстүр, мәдениет тақырыптарын қамтуы керек. Сол арқылы студентке тіл үйретумен қатар, оның патриоттық, азаматтық қасиеттерін дамыту маңызды» [6].

Студенттің іздену, ойлау қабілеттілігін қалыптастыру үдерісі оның болашақ мамандығын таңдаған сәтінен, яғни студенттің жоғары оку орнына түскен күнінен басталады. Жоғары оку орындарында ағылшын тілін оқыту студенттерді ағылшын тілін меңгертумен қатар, тіл үйренушінің интеллектуалды дамуын да көздейді. «Ағылшын тілін жалпы білім беру пәні ретінде оқытуда арнайы бағыттағы аутентикалық материалдар негізінде студенттің шығармашылық, ойлау, үйымдастырушылық, іздену қабілеттерін дамыта отырып, оның қатысымдық құзыреттің қалыптастырады» [7].

Оқу-танымдық әрекетті белсенділін-діруге студенттердің танымдық қызығушылықтары ықпал етеді. Шетел тілін менгеру мотиві кешенінде танымдық қызығушылық болмаса, тілді үйрену тиімділігі төмен болады.

Ағылшын тілі арқылы студенттердің даярлығын қалыптастыру мүмкіндіктеріне студенттің ағылшын тілі арқылы білімін толықтыру, қабілеттілігін арттыру үшін түрлі бағдарламаларға қатысу, шетел тілі арқылы әдебиет көзін түпнұсқада оқу, сынау, салыстыру, шығармашылық түрфыдан ойлау белсенділігін арттыру, өз кәсібі саласындағы ұлттық жетістіктерді шетел тілі арқылы өз-гелерге таныстыру мүмкіндігі жатады. «Болашақ маман жан-жақты, шетел тілін терең менгерген болумен қатар, ұлттық және шетелдік елтансу, әдебиет, түрлі салалардан хабардар болуы керек. Мұндағы мақсат – шетел тілін оқыту арқылы болашақ маман

тәрбиесіне ықпал ету» [8].

Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибелін, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. «Сыни тұрғыдан ойлау, іздену көбінесе қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. Қазіргі заман талабына сай студенттің өзіндік көзқарасы, сенімі, ішкі үәжі қалыптасуы керек» [9].

«Күштеп білім беруден гөрі студенттің білімге деген құштарлығын ояту – ең маңызы да мақсат», – деп К.Д. Ушинский айт-

қандай, білім алуға деген құштарлығын ояту үшін оқытушы көп ізденіп, сабактың тиімді өтуіне жұмыс жасап, сабак барысында оқудың белсенді әдістері, диалогтік оқыту және оқу әдісін қолдануда білім саласын арттыруға көп көмегін тигізеді.

Қорыта айтсақ, жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқыту арқылы студенттердің білімін жетілдіру мүмкіндіктеріне қол жеткізу үшін тілді міндетті түрде менгеру қажет. Студенттер жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқуды жалғастыратындықтан, олардың пәнге қызығушылығы мен мотивациясы болады, егер оқу материалы жаңа ақпараттарға толы болса, ағылшын тілін оқытуда студенттің шығармашылық ойлау белсенділігін арттыру, интеллектуалдық және патриоттық дамуы үшін тілге деген қызығушылықтарын қүшептейту қажет.

### Әдебиеттер

1. Көшербаев Қ.Е., Ахметов Ә.Қ., Әбілқасымова А.Е., Рахымбек Х.М. Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясы. – Алматы, 1998. – 232 б.
2. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю. и др. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под. ред. Е.С. Полат. – М.: Академия, 2003. – 272 с.
3. Клустер Д. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз не? Әрекеттегі RWCT философиясы мен әдістері / Редакциялаған С. Мирсейитова, Ә. Іргебаева. – Алматы: ТОО Верена, 2009. – Б. 106-116.
4. Ильенков Э.В. Философия и культура. – М.: Политиздат, 1991. – 221с.
5. Вульфов Б.З., Харькин В.Н. Основы педагогики в лекциях, ситуациях, первоисточниках. – М.: УРАО, 1997. – 288 с.
6. Гершунский Б.С. Философия образования. – М.: Знание, 1998. – 109 с.
7. Duron R., Limbach B. and Waugh W. Critical Thinking Framework //Journal of Developmental Education. – 2004. – Vol.18. – №1. – P. 34-35.
8. Facione P.A. Critical thinking: what it is and why it counts. – Millbrae CA: California Academic Press, 2007. – 125 р.
9. Амандықова Г.Н., Мұхтарова Ш.Е. Шет тілін оқыту әдістемесі. – Астана, 2010.

### Резюме

В статье рассматриваются пути формирования критического мышления студентов вуза в обучении английскому языку.



Д.Д. Бисмільдина, филол.г.к., ага оқытушы  
ҚазЭКХСУ

«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ПӘНІНЕҢ ОРФОЭПИЯНЫ МЕҢГЕРТУДІН  
МАҢЫЗЫ МЕН ТИІМДІЛІГІ

Бұл мақала жоғары оқу орындарының орыс бөлімі студенттеріне жүргізілетін практикалық қазақ тілі пәнінен орфоэпияны меңгертудің маңызы мен тиімділігіне арналған. Автор білім алушыларға ауызша әдеби сөйлеудің орфоэпиялық нормаларын сақтау олардың тіл мәдениетінің және кәсіби біліктілігінің міндетті талабы екенін өзектей отырып, оны меңгертудің тиімді жодарын көрсетеді. Бұл жұмыс қазақ тілінде ауызша әдеби сөйлеу мәдениеті мәселелері толғандыратын барша оқырман қауымға ұсынылады.

**Негізгі ұғымдар:** ауызша әдеби сөйлеу тілі, орфоэпиялық норма, теле, -радиобагдарлама, диктор, тілші, орфоэпиялық сөздік.

Көпшілік алдында сөз сөйлеу нормалары мен тұрмыстық қатынастағы сөйлеу тіліне тән дыбыстау нормаларын араластырмай, сауатты сөйлей білу тілдік қарым-қатынас үшін аса маңызды. Өйткені өз ойынды өзгеге ауызша түсінікті етіп жеткізде сөздік қорды байыту жеткіліксіз, мұндайда сөзді дұрыс айту, дыбыстау да үлкен рөл атқарады. Дұрыс айту нормаларын меңгеру өзін-өзі жетілдірумен айналысатын барлық адамдарға қажет. Анық, түсінікті айтылған сөз және дұрыс қойылған дауыс әңгімелесуші адамға көрсетілген құрмет болып табылады. Жақсы дикция адамның жақсы қылыштары мен дұрыс киіне білу қабілеті сияқты басқа адамдарды өзіне тартады. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтау жалпы сөйлеу мәдениетімен, оның ішінде дұрыс айту, дұрыс жеткізу мәдениетімен, тілдің коммуникативтік және эстетикалық қызметімен түсіндіріледі. Ал тілді қадірлеу әдеби тілде дұрыс сөйлеуден басталады. Әдеби тіл – нақты міндетті лексикалық (сөздің дұрыс қолданысымен байланысты), грамматикалық (сөз формаларының қолданысымен және өзгерісімен байланысты), орфографиялық (сөздердің дұрыс жазу ережелерімен байланысты), орфоэпия-

лық (сөздердің дұрыс айту ережелерімен байланысты) нормалардан тұратын үлгілі тіл. Тіл мәдениеті және дағдысы – адамның кәсіби біліктілігінің міндетті талабы. Фалым Мәулен Балақаев айтқандай, «тіл мәдениеті дегеніміз – тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, сонымен қатар тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы» [1. 52].

Ауызша әдеби сөйлеу тіліне сөзді орынды қолдану, сөзді дұрыс айту, екпінді дұрыс кою және т.б. ерекшеліктер тән. Орфоэпия гректің «orthos» (дұрыс, тұра) және «eross» (тіл) деген екі сөзінің біргігүйен жасалған, қазақ тіліне аударғанда «дұрыс айту» деген мағынаны білдіреді. Орфоэпия ауызша сөйлеу тілінің ерекше құбылыстарын зерттейді, нактырақ айтқанда, жазба тілде әдетте көрініс таппайтын дұрыс айту нормалары мен екпінді қарастырады. Фалым Н. Уәли оған мынадай анықтама береді: «Орфоэпия – ауызша сөздің бірізді дыбысталуын қамтамасыз етегін ұлттық тіл нормасының жиынтығы. Әдетте, сөздің бірізді дыбысталуы ауызба-ауыз тілдесуді женілдетуге ықпалын тигізеді. Орфоэпия деген ұғым тілдің фоне-

тикалық жүйесіндегі фонемалардың, сөздер мен грамматикалық тұлғалардың, сондай-ақ суперсегменттік бірліктердің (сөз үндестігі, сөз үлестігі, сөз екпіні, интонациялық құрылымдар, т.б.) дыбысталуын қамтиды» [2. 85].

Қазақ тілінде ауызша әдеби сөйлеудің орфоэпиялық нормаларын сактау сауатты жазу сияқты адамның жалпы мәдени деңгейінің көрсеткіші болып есептеледі. Орфография мен орфоэпия бір-бірімен тығыз байланысты, ейткені сауатсыз жазу мәтінді дұрыс окуға және оны дұрыс қабылдауға кесірін тигізеді. Ауызша сөйлеу тілінде ең маңыздысы – айтылған ойдың мағынасын түсіну, ал сөздерді дұрыс айтпау бұған кедергі келтіреді. Сіз қанша жерден дарынды, сүйкімді және ақылды болғаныңызben, егер сөздерді дұрыс айтпай, екпінді қате қойсаныз, бір сөзben айтқанда, акцентпен сөйле-сеніз, онда сіз өз ойыңызды жеткізуде қойылған мақсатқа жеткен жоқсыз. «Акцент (лат. *accentus*, нем. *akzent* – екпін) әртүрлі екі тілдің әдеби жүйесінің тоғысуынан пайда болады. Мысалы, қазақ тіліндегі «қ» дыбысының «қ» (қаз – каз, қар - кар), «ψ», «ү» дыбысының «ү» (үй – уй, үш – уш) болып дыбысталуы «орыс акценті» деп аталады. Акцент диалектілік сөйлеудің әсерінен әдеби тіл жүйесінің бұзылуына да әкеп соғады (шана – чана, шалғы – чалғы)» [3. 49].

Адамның тілге деген немқұрайды көзқарасы оның туған халқына және өз ұлттының мәдениетіне деген құрметтің жоқтығын білдіреді. Фалым Р. Сыздық тындаушыларды да, педагог, режиссерлерді де, әсіресе тіл мәдениетін қадағалаушы ғалымдарды да алаңдатар жайттар пайда бола бастағанын айтып, оларды төмөндегідей санамалап көрсетеді:

1. Драма актерлері мен опера және эстрада әншілерінің, сондай-ақ радио мен телевидар дикторларының, комментаторларының, жергілікті тілшілерінің, кинодубляж жасаушылардың қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың үндестік зандары, сингармонизм занылыштары деп аталатын

табиғи гармониясын (үйлесімін) сактамай бұзып айтудары.

2. Сөйлеу үстінде болатын логикалық паузалар, яғни ой екпіні түскен сөздерді сәл кідіріп, бөліп айтуды немесе сөздердің мағыналық топтарына қарай қажет жерінде оларды айрықша бөліп, я болмаса ұластыра қосып айту сәттерін біле бермеу.

3. «Қос қанаттың сыңары» деп келген орыс тілінің әсеріне байланысты кейбір қазақ тілі дауыстыларын сәл өзгертіп (орыс тіліндегіше) айту фактісі.

4. Әрбір сөйлемнің мағыналық интонациясын тап баса алмағандықтан, оның ішінде сөздерді дұрыс айта алмаушылық.

5. Қазақ сөздеріндегі жіңішке дауысты дыбыстарды жуандатып (айтеуыр, саулем, саулемсың) немесе, керісінше, жуан сөздерді жіңішкертіп айтудары (мені сүйген бір әдем бар), т.б. [4. 16].

Қазақ тілінің орфоэпиялық нормалары қазіргі кезде де сақталмайды. Қай жерде болмасын, тіпті оку орындарының басым бөлігінде де орфоэпиялық жұмыстың қазіргі жағдайы қанағаттанарлық емес. Қазіргі оку орындарының мақсат-міндеті – білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу тиімділігін арттыру. Ол оқытудың практикалық бағытын күшету, нақтырақ айтқанда, білім алушының тұлғалық, коммуникативтік, танымдық қызметтің арттыру, олардың тіл мәдениетін дамыту және т.б. тікелей байланысты. Осылан орай, пәнді оқыту үдерісінің негізгі мақсаты оқытушының жүйелі түрде арнайы қолданған әдіс-тәсілдерінің нәтижесінде білім алушылардың шығармашылық ойлау, сын түрғысынан ойлау қабілеті мен белсенділігін дамыту және өз бетінше білімді мен-геру дағдыларын арттыру болса, ал сабак – кредиттік технология бойынша білім беру жүйесіндегі уақытқа тәуелді құбылыс әрі аса күрделі үдеріс болып табылады. Осындаш шектеулі уақыттың ішінде жоғары оку орындарындағы қазақ тілін үйренуші студент қазақ тілінің грамматикалық құрылышын жетік игерे отырып, мемлекеттік тілді сөйлеу құ-

ралы ретінде еркін менгеріп, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруы, дамытуы керек. Қазақ тілінде жоғары деңгейде іскери сөйлеу, өз ойын толық білдіру, пікір айту дағдыларын дамытуы тиіс.

Дегенмен ЖОО-дағы орыс бөлімі студенттерінің көпшілігі әлі күнге дейін сөзді дұрыс ырғакпен, үйлесіммен, үндесіммен дыбыстай алмайтын жайттар жиі кездесіп отырады. Қазіргі кезде көптеген студенттердің дұрыс дыбыстау, сөздерді дұрыс айту деңгейі, жалпы ауызша әдеби сөйлеу мәдениетінің деңгейі жоғары дәрежеде деп айтуға болмайды. Оның себебі әр түрлі болуы мүмкін: біріншіден, орфоэпияны оқытуға ерекше ден қоймау, яғни жазба тілді дамытуға көп көңіл бөлу; екіншіден, оқытушының өзінің тілдік мәдени деңгейі қажетті дәрежеде болмауы мүмкін. Сонымен қатар, біздің ойымызша, студенттердің ауызша тіл нормасының бұзылуы, бір жағынан, олардың көбінесе басқа тілде сөйлеуімен байланысты болса, екінші жағынан, тілдің фонетикалық және фонологиялық сипатын ескермеуден туындал жатады. Фонетика үшін сөздің жазылуы емес, сөздің дыбысталуы, айтылуы, естілі маңызды екені даусыз. Орфоэпияны оқытудың маңыздылығына қарамастан, бұгінде осы мәселені шешудің ғылыми-әдістемелік негіздері талапқа сай емес. Өйткені орфоэпияны оқытудың теориялық негіздері орфоэпияны оқыту тәжірибесімен ұштастырылмайды, қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын практикалық түрғыдан оқыту өз дәрежесінде қолға алынбаған.

Студенттер сөзді көбінесе жазылған күйінде айтуға дағдыланып кеткендіктен, орфоэпиялық ережелерді сақтауға қанша тырысса да, дыбысты, сөзді, сөйлемді жазылған қалпында айтуға бейім тұрады. Тілдің орфоэпиялық нормалары білім алушыға мектеп қабырғасында оқып жүргенде-ақ үйретілмесе, одан кейін бұл нормаларды менгеру өте қыын болады. Өйткені адам бойында жастайынан қалыптасқан, сіңген нәрсені өзгерту оңай емес. Эйтсе де өзінен-

өзі сөзін еткізе алатын адамдар қашанда мақсатына жетеді. Студент атанған білім алушылардың сөзді дұрыс айту нормасындағы кемшиліктерді түзетуге байланысты жұмыстарды тиянақты түрде қолға алса, жақсы нәтижеге кол жеткізуге болады. Мұндай жұмыс оқытушы мен студенттен қажымас қайратты, көп еңбекті талап етеді. Ол үшін әр адам өзін-өзі сөйлеу кезінде дыбыстың дұрыс дыбысталуын, сөздің дұрыс айтылуын үнемі бақылап отыруы қажет. Орфоэпиялық норма түрғысынан дұрыс дыбысталған дыбысты міндетті түрде автоматты дәрежеге жеткізу керек. Ол үшін тілдің фонетикалық және фонологиялық сипатын менгеріп, сөйлеу кезінде денені бос ұстап, қысылмай, еркін тұрса, дұрыс демалса, сонда дыбыстар дұрыс жасалып, жақсы айтылады және естіледі. Алдымен дыбысты дыбыстап, содан соң буынды, ал одан кейін сөзді, тек содан соң ғана сөйлемді дұрыс айтудан бастау керек. Ғалым З.С. Кузекова «Екінші тіл ретіндегі қазақ тілі оқулығы теориясының лингвистикалық негіздері» атты ғылыми еңбегінде: «Сөйлеу үшін ен басты материал – сөз. Сөзді жүйесіз менгеру қазақша сөйлетуге де, қазақша түсінуге де әкеле алмайды. Барлық тіл үшін осылай», – дейді [5, 18].

Жоғары оқу орындарының орыс бөлімі студенттеріне оқытылатын практикалық қазақ тілі сабактарында жазба тапсырмалармен салыстырғанда ауызша сөйлеумен байланысты орындалатын жаттығу жұмыстары көбірек жүргізіледі. Мұндайда жоғарыда көрсетілген мақсат-міндеттерді орындаумен қатар қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын менгертудің маңызы зор. Осыған орай, оқу орындарында орфоэпияны оқытудың қазіргі жағдайын ескере отырып, орфоэпиялық білік пен дағдыны қалыптастырудың лингвистикалық негіздерін, сонымен қатар психологиялық негіздерін тиімді үйлестіре отырып, студенттердің сөзді орфоэпиялық норма түрғысынан дұрыс айту, дұрыс дыбыстау дағдысын қалыптастырып қана қой-

май, оны автоматты түрде дұрыс айту деңгейіне жеткізгенге дейін дамыту қажет.

ЖОО-лардың орыс бөлімі студенттеріне қазақ тілінің оқу-әдістемелік кешенінде белгіленген жаңа білімді оқытумен қатар орфоэпиялық нормаларды практика жүзінде менгерту ете тиімді болады. Онда орфоэпияны оқытудың лингвистикалық және психологиялық-педагогикалық негіздері қатар жүзеге асырылады. Практикалық қазақ тілі сабактарында міндетті түрде мәтін беріледі. Біздін тәжірибеде пәннің Типтік бағдарламасында ұсынылған тақырыптар [6] бойынша бұқаралық ақпарат құралдары материалдарынан, көркем әдебиеттен мәтіндер іріктеліп алынып, арнайы әзірленген оқу құралында жинақталып берілді [7].

Сабак барысында мәтінмен тиісті жұмыс жүргізіле отырып, студенттерге «мәтінді қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтай отырып оқыныз, есіресе қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс дыбыстаңыз» сияқты тапсырмалар беріледі. Өйткені қазақ тілінің төл дыбыстары әліпбіде тізілген қатардағы көп дыбыстар емес, қазақ тілін әлемдік тілдерден ерекшелеп тұратын, тіпті туыс түркі тілдерінен де даралап көрсететін өзгеше дыбыстар емес пе!? Сондықтан қазақтың төл дыбыстарын дұрыс айтуға ерекше мән беру қажет.

Қазақ тілінің орфоэпиясына қатысты талап мәтін сонында берілген пікір алмасу сұрақтарымен жұмыс жасау кезінде де қойылады. Сондай-ақ студенттер үшін арнайы әзірленген грамматикалық тапсырмалар ішінде дұрыс дыбыстауды, айтуды қалыптастыруға және тыңдай білгуді дамытуға негізделген жаттығулар жүйесімен де жұмыс жасалады. Мұндайда қазақ тілінің негізгі курсын оқытумен қатар орфоэпия саласы бойынша тіл білімінде берілген теориялық білімді тірек ете отырып, студенттерді қазақ тілінің орфоэпиялық нормалармен таныстыра отырған тиімді.

Жалпы, сабак барысында сөйлеудің екі тәсілі: оқуға негізделген және айтуға негізделген түрлері қолданылады. Мұндайда

окылым барысында кітаби-жазба тілдің кез келген үлгісі қолданыла беруі мүмкін, ал айтылым кезінде ауызша сөйлеу тілі стилінің кез келген үлгісі пайдаланыла беруі мүмкін. Білім алушы студенттер мәтіннің ой желісін сол мәтінге тән интонацияның ерекшелігімен және мәтіндегі әрбір сөздің, сөз тіркесінің, ыргактық топтың дұрыс айтылуы арқылы аңғарып отырады. Мәтін интонациясын дұрыс қою және мәтінді дұрыс оқу немесе сөзді дұрыс айту ережесі мәтін мазмұнына қатысты белгілі бір ақпарат береді. Сондықтан бұқаралық коммуникацияда ауызша әдеби сөйлеу тілінің орфоэпиялық нормалары ерекше қызмет атқарады.

Ауызша тілдің нормасын білім алушыға үйрету және дыбыстарды, сөзді, сөз тіркесін, мәтінді оқудан бастап, білім алушы тілін дамыту оқытушының үнемі үздіксіз атқарытын қызметі болып табылады. Мәнерлелп оқу дегеніміз – көркем шығарманы әдеби тілдің орфоэпиялық ережесін, шығарманың тақырыбын, идеялық мазмұнын түсініп, белгілі бір жылдамдықпен дауыс үнділігін, ыргағын сақтай отырып оқу. Бұл шарттарды білім алушылар көркем шығарманың тілін түсініп, оқутехникасын менгерген жағдайдаған орынданай алады. Түсініп оқуға баулу міндеттері практикалық сабак барысында мәтінмен жұмыс істеу кезінде жүзеге асырылады. Сондықтан мәнерлелп оқу практикалық қазақ тілі сабактың маңызды бөлігі болып саналады. Сөз табиғи естілу үшін дыбыс түрленімінің барлығын сақтап сөйлеу керек. Дыбыс түрленімін тудыратын себептердің қатарына дыбыстың сөз берілгенде тіркесіндегі орны, көрші дыбыстың әсері, логика-экспрессив үстемелер және әуен жатады. Нақтырақ айтқанда:

- әртүрлі сөз формалардың құрамында кездесетін бір морфеманың бір дыбысының көрші дыбыстың әсерінен басқа дыбысқа өзгеруі дыбыс алмасу деп аталады;

- тілдің ауызша формасында дыбыстар үндестік заңына сәйкес үнемі үйлесіп, жымдастырылады. Егер осы үндестік

сақталмай, бұзылатын болса, мұның өзі сөздің айтылуы мен жазылудының арасын айыра алмауды көрсетеді. Өйткені жазу сөздің айтылуын дәл бере алмайды;

– дауысты дыбыстардың бір сөз көлемінде еріннің қызметі жағынан ынғайласып, үйлесіп келуі *ерін үндестігі* деп аталаады. Ерін үндестігі қазақ тілінің бірегей белгісі болып табылады. Бұл заң бойынша сөздің бірінші буында еріндік дауысты болса, қалған буындарында да еріндіктер айтылуға тиіс;

– зерттеу жұмыстарында сөздің бірыңғай жуан немесе жіңішке, бірыңғай езулік немесе еріндік болып айтылуының фонологиялық мәні бар деп көрсетіледі. Сондықтан буын *үндестігі* қазақ тілінің негізгі орфоэпиялық нормаларының бірі болып табылады.

Қазақ тілінің сөздік қорындағы төл сөздер үндестік заңына бағынады. Бірақ қазақ тілінің сөздік құрамындағы сөздердің барлығы қазақ тілінің заңдылығына бағынады деп айтуға болмайды. Мысалы, кірме сөздер ерін үндестігі заңдылықтарын сақтамайды.

Сонымен қатар дауыссыздардың бірбірімен үйлестілігінің (ассимиляция) орфоэпиялық норма үшін ерекше мәні бар. Морфемалардың жігінде көрші келген дауыссыздардың акустикалық-артикуляциялық жақтан бір-біріне ұқсасуы, бейімделуі *ассимиляция* деп аталаады. Дауыссыздардың бірбіріне ықпалы прогрессивті, регрессивті және тоғыспалы түрде қарастырылады.

Сөздің құрамында болатын әртүрлі дыбыстық өзгерістер **дыбыстық құбылыстар** деп аталаады. Олардың бәрі де айтуды жеңілдетуден тұрады. Мәселен, тіліміздегі кірме сөздің айтылуын жеңілдету үшін, сөздің алдынан басы артық дыбыстың қосылуын білдіретін *протеза* құбылысы қажет. Сол сияқты сөз ішінде дауыссыздардың арасына дауыстының қыстырылуын көрсететін *энтимеза*, бунақтағы сөздердің арасында қатар келген екі дауыстының алдыңғысының түсіп қалудын білдіретін *элизия* және оған қара-ма-қарсы (қазақ тілінде сирек кездессе де) *аферезис* пен сөз ішіндегі дыбыстардың не-

буындардың өзара орын ауысуында көрініс табатын *метатеза* және сөз ішінде біркелкі (ұқсас) буындардың бірінің түсіп қалудынан көрінетін *гапология* құбылыстарының қырсырын білу керек.

Сөйлемдегі сөздер сөйлеу кезінде тұтастып немесе жеке-жеке тұрмай, топ құрап, әрқайсысы өзіндік екпін, ырғақпен айтылаудының анғаруға болады. Қазақ тілінде бунақтағы сөздердің жұбын жазбай, аралаудында қатар келген дыбыстарды үндестіріп, бір ырғак, екпінмен айтудың маңызы зор. Олай болмаған жағдайда сөздердің байланыс реті бұзылады да, тіл табиғи жарасымынан айрылады, құлаққа жағымсыз естіледі, ой түсініксіз болып кетуі де мүмкін.

Қазақ тіліндегі екпін көбінесе сөздің соңғы буыннағына қойылады. Дегенмен сөз аяғында келген қосымшаның барлығы бірдей екпінді қабылдай бермейтіні салыстырмалы деректерден айқын көрінеді (-дай қосымшасы, көмектес септік жалғаулары, т.б.).

«Орфоэпия ұлттық тілдің қалыптасуы мен дамуына тікелей байланысты. Қоғамдық өмірде шаршы сөз (публичная речь) түрлерінің (театр, кино, радио-теледидар хабарлары, т.б.) пайда болып, олардың әлеуметтік мәнінің артуы орфоэпиялық нормалардың орнығып, ұлттық сипатқа ие болуын жеделдете түсті» [2. 48]. Осыған орай, қазақ тілі сабағы барысында студенттерге ауызша әдеби сөйлеу тілінің орфоэпиялық нормаларын теледидар және радиодан берілетін ақпараттық бағдарламаларды, жаңалықтарды тыңдату арқылы менгертуде ерекше дидактикалық материал ретінде колдану аса тиімді. Өйткені дикторлық ақпараттық бағдарламалар, теле- және радио жаңалықтар тілі ауызша әдеби дұрыс сөйлеудің, соның ішінде орфоэпиялық нормаларды сақтаудың жарқын үлгісі, сондай-ақ дұрыс дыбыстай, дұрыс айту мәдениетін жетілдірудің негізгі құралы болып табылады. «Дикторлар теледидардан тек әралуан хабар берушілер ғана емес, сонымен қатар сөзді дұрыс айта білуді, дұрыс дыбыстай білуді үреп-

тетін ұстаздар болуға тиіс» [4. 6]. Ақпараттық теле, -радиобағдарламаларды, соның ішінде теледидардан және радиодан берілетін жаңалықтарды жүргізуі дикторлардың және репортаж жасаушы тілшілердің сөзін қолдану орфоэпияны оқытудың маңызды құралы ретінде қарастырып, сабак барысында ерекше дидактикалық материал ретінде қолдануға әбден болады. Себебі «адам орфоэпиялық нормаларды, олар жөніндегі ережелерді, негізінен, жаттау арқылы емес, құлақпен тыңдалап, үйрену арқылы игереді. Бұл ретте күнде тыңдайтын теледидар үнінің орны айрықша» [4. 15]. Радио, теледидардан ақпараттар тыңдалап, түсінуге машықтанған студенттер қазақ тілінде тыңдалым, айтылым нормаларын дамытады, екінші адамның тілін түсінуге машықтанады. Сондай-ақ қазақ тілінің фонетикалық ерекшеліктерін менгеріп, оның дұрыс-бұрыс, мәнерлі-мәнересіз қырларын ажыратса білу деңгейіне жетеді. Бір сөзбен айтқанда, білім алушылардың тілдік талғамы қалыптасады.

Студенттерде орфоэпия туралы түсініктің болуы, олардың орфоэпияның практикалық маңызын ескеруі, орфография және орфоэпияның байланысын, фонетика және орфоэпия байланысын, лексика және орфоэпия байланысын, сөзжасам, морфология және орфоэпия байланысын, синтаксис және орфоэпия байланысын, дикция және орфоэпия байланысын ұғынуы, қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын сақтауы, екпінді дұрыс қоюы және орфоэпиялық сөздіктерді тиімді қолдануының маңызы зор. Әдеби тілдің ауызша орфоэпиялық нормаларынан жөнсіз ауытқулар, ең алдымен, сөз қалай жазылса, солай дыбыстаудан, жазу жүйесі мен ауызша сөз жүйесінің өзді-өзіне тән ерекшеліктеріне мән бермеуден туындалап жатады. Сондықтан дұрыс сөйлеуге бағыт-бағдар көрсететін құралдың бірі – орфоэпиялық

сөздік қазіргі қоғамымыз үшін аса қажет. Бір ізге түскен арнаулы ережелер мен орфоэпиялық сөздіктер жазылу мен айтылудың арасындағы айырмашылықты айқындалап, сөздердің ауызша дыбысталу нормасын көрсетіп, оларды жөнге салып отырады. Бұл ретте сөзді дұрыс айту нормалары мен орфоэпиялық ережелерді қамтыған Р. Сыздықтың «Сөз сазы» (1983, 1995) кітабын, Қ. Нетәлиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігін» (1977), М. Дүйсебаеваның «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігін» (1981) және Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің үйымдастыруымен басылып шығарылған Орфографиялық сөздікті (2008) және жақадан пайда болып жатқан сөздер енгізілген басқа да сөздіктерді атап айтуға болады. Аталған сөздіктерде қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің әдеби нормага сәйкес айтылу үлгілері мүмкіндігінше толық қамтылған. Сөздердің, сөз тіркестері мен сөйлемдердің интонациялық безендірілу үлгілері берілген. Жаңа сападағы орфоэпиялық сөздіктер қазақ тіл білімінің фонетика, интонология, сөз мәдениеті салалары бойынша жүргізілген соңғы зерттеу нәтижелерінің негізінде жасалған.

Сонымен, академик М.С. Серғалиев айтқандай, «орфография мен орфоэпияның занылыштарын сақтау саудатты жазу және дұрыс сөйлеу мәдениеттілігінің көрінісі болып табылады» [8. 45]. Орфоэпия үлттых тілдің дамуына тікелей байланысты. Орфоэпия тұрғысынан қазақ сөзінің айтылуына нұқсан келтіретін жағымсыз құбылыстар, нормадан жөнсіз ауытқу үлттық тілдің дамуына кедергі келтіреді. Сондықтан қазақ тілі сабактарында негізгі курспен қоса қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларын, төл дыбыстарды дұрыс айту ережелерін қатар менгерту маңызды әрі тиімді.

### Әдебиеттер

1. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: Фылым, 1987. – 272 б.

## **МЕТОДИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ**

2. Уәли Н. Орфоэпия / Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK TIPO, 1998. – 509 б.
3. Шүленбаева Ұ. Акцент / Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: IDK TIPO, 1998. – 509 б.
4. Сыздыкова Р. Сөз сазы. Сөзді дұрыс айту нормалары: Көмекші оқу қуралы. – Алматы: Санат, 1995. – 120 б.
5. Кузекова З. Қазақ тілі. – Алматы, 2001.
6. Салқынбай А.Б., Иманқұлова С.М. Типтік оқу бағдарламасы. «Қазақ тілі»: Жоғары оқу орындарының орыс бөлімі студенттеріне арналған. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 22 б.
7. Бисмильдина Д.Д. Қазақ тілі: Жоғары оқу орындарының орыс бөлімі студенттеріне арналған оқу қуралы. – Астана, 2014. – 157 б.
8. Серғалиев М.С. Қазақ тілінің мәдениеті: Оқулық. – Алматы: Зият Пресс, 2004. – 140 б.

### ***Резюме***

В данной статье автор анализирует важность и эффективность усвоения студентами орфоэпические нормы казахского языка на практических занятиях. Автор особенно большое внимание уделяет на правильное произношение специфических звуков казахского языка, а также рассматривает информационные теле-, радиопрограммы как эффективный дидактический материал для изучения орфоэпических норм казахского языка.

### ***Summary***

In the given article the author handles the process of mastering legal Kazakh language by students by way of participation in different day-to-day communication, to be fluent in using professional vocabulary and scientific terms, syntactic styles, to impart good perception skills, to listen necessary information in professional sphere to solve some issues in cognitive scientific situations.



УДК 808.5

***Ж.К. Исаева, к. филол. наук***  
***КазУЭФМТ***

## **РОЛЬ ДИАЛОГА В ФОРМИРОВАНИИ ЯЗЫКОВОЙ КОМПЕТЕНЦИИ И КОММУНИКАТИВНОЙ СТРАТЕГИИ**

*В статье рассматриваются проблемы диалога, представляющего собой взаимодействие людей при помощи речи как способа формирования и формулирования мысли посредством языка. При рассмотрении двух процессов – говорения и слушания – говорение (или производство речи) носит более самостоятельный, активный характер, тогда как слушание (понимание) выполняет вспомогательную роль условия общения. Как известно, в качестве основных характеристик речевой деятельности выступают: наличие побудительно-мотивационной части (потребность – мотив – цель); предмет деятельности; соответствие предмета деятельности и ее мотива; наличие продукта или результата*

деятельности. Особое значение приобретает речь и речевая деятельность человека, использующего язык в целях общения, выражения эмоций, оформления мысли, познания окружающего мира, для планирования своих действий и пр. Речь одного человека, оставаясь чисто и сплошь индивидуальным и неповторимым процессом, может вызвать у слушателя такой же индивидуальный и неповторимый процесс.

**Ключевые слова:** проблемы диалога, взаимодействие людей, речь, говорение и слушание, условия общения, речевая деятельность, оформление мысли, познание окружающего мира, индивидуальный процесс.

В последние годы повысился интерес к личностному аспекту языка, вокруг которого разворачивается обсуждение наиболее важных проблем общего языкоznания. Раньше язык считали в целом пассивным и вполне адекватным средством выражения, объектivации, материализации универсальной мысли, не участвующим в ее образовании.

С осознанием роли субъективного человеческого начала становится все яснее, что постижение и интерпретация сущности вещей зависит от познающих мир субъектов, от склада ума, наклонностей, интересов, эмоций, чувств, впечатлений. В результате с течением времени изменяются представления, как о характере мышления, так и о сфере выражаемого в языке. Помимо мышления в нее включаются различные формы чувственного отражения, воля, эмоции, инстинкт, интуиция.

Особое значение приобретает речь и речевая деятельность человека, использующего язык в целях общения, выражения эмоций, оформления мысли, познания окружающего мира, для планирования своих действий и пр. Речь одного человека, оставаясь чисто и сплошь индивидуальным и неповторимым процессом, может вызвать у слушателя такой же индивидуальный и неповторимый процесс. «Нельзя, исследуя язык, совершенно отрешиться от всякой концепции о процессе общения» [1. 14]. Язык является средством общения. В языке «все приспособлено для того, чтобы произошел обмен мыслями, и состоялось взаимное понимание» [1. 13].

Любая речь носит двойственный характер. Она имеет внешнюю и внутреннюю стороны. Внешняя речь определяет связность, а внутренняя – целостность изложения. Внешняя структура организована линейно, или последовательно: ее единицы идут друг за другом в потоке речи.

Диалог (от греческого *dialog* – беседа, разговор двоих) – разновидность речи, при которой происходит обмен взаимообусловленными высказываниями – репликами. В узком понимании диалог есть обмен высказываниями в условиях ситуации речевого общения, в широком понимании диалог представляет собой цепь тематически взаимосвязанных событий одной из сфер человеческой жизнедеятельности. В этом отношении диалог является объектом изучения ряда смежных дисциплин – от философии, социологии и психологии до лингвистики.

Диалог – это обмен высказываниями между двумя и более участниками речевой коммуникации, в котором предыдущее высказывание одного коммуниканта стимулирует появление ответного, последующего высказывания другого коммуниканта [2].

Диалог характеризуется единой темой, сферой общения, единой речевой ситуацией и единым замыслом. Диалоги могут быть подразделены на следующие типы:

1) Информационный диалог (диалог-сообщение), реплики которого связаны единой темой (единным денотативным значением), например: «...Зарина тяжело вздохнула, обтирая руками пот с разгоряченного покерневшего лица. – Боюсь я за него. – А

*что? – ... Казнится он и за детей и за меня [3. 102]».*

2) Ассоциативный диалог, в котором диалогические единства объединены сферой общения, например: «...*А сейчас слушай меня. – Слушаю. – Разбуди Оспана... – Слушаю. – Буди всех подряд... – А если ругаться начнут? – Наше дело известить каждого, а там пусть ругаются... – Что еще? – Забеги вначале к дежурному... Может, найдет мне замену на этот раз. – Скажу, скажу, – отвечала Укубала...[3. 10]*».

3) Диалог-дискуссия, содержание которого определяется единым замыслом или проблемой, решаемой в процессе диалогического обмена, например: «–*Не мешай нам похоронить человека как положено. – Это мой отец, и я сам знаю... – начал было Сабитжан, но Эдильбай перебил его на полуслове: – Отец-то твой, да только вот ты сам не свой [3. 29]*»; «...*Сабитжан торопливо перебил его, возбужденный какой-то догадкой: – Это запустили беспилотный корабль... – Как это? – покосился Эдильбай. – Ну, экспериментальный вариант... – А я-то думал, – Эдильбай огорченно поскреб лоб, – что живой человек полетел [3. 34-35]*».

4) Ситуативный диалог, в котором содержание диалогического единства реализуется в соответствии с речевой ситуацией, например: «*Слушай, друг, ...телефон у тебя есть? – Есть, конечно. – Тогда так звони начальнику..., чтобы разрешили проезд на кладбище Ана-Бейит! – Как? Как? Ана-Бейит? – переспросил часовой. – Да. Ана-Бейит [3. 261]*».

Ситуативный диалог – это наиболее распространенный вид диалога, который выступает в виде разновидностей. Можно указать на три наиболее распространенные:

• *диалог-согласие*, например: «*Часовой задумался, переминаясь с ноги на ногу, нахмурив лоб. – ...Ты обязан доложиться. – Ну, хорошо, – кивнул часовой. – Может, и мне разрешишь рядом быть? – попросил Длин-*

*ный Эдильбай... – Ну давай, – согласился часовой [3. 262]»;*

- *диалог-конфликт*, например: « – Ты избегаешь меня, что ли... – Если мы начнем говорить, то я тебя придушу на месте... – А я и не сомневаюсь...только с чего это ты так гневаешься? – Это вы принудили ее уехать! – высказал напрямик Едигей то, что мучило и не давало ему покоя все эти дни. – Ну знаешь, – покачал головой Ка-зангап... [3. 240-241]»;

- *диалог-спор*, например: « – Что случилось еще? – выглянул из кабины Сабитжан. – Разговор есть. – Какой еще разговор? –...хоронить будем здесь. –...Я сам буду хоронить на разъезде, и никаких разговоров! – Где это видано, чтобы мертвого возвращали с похорон домой?.. – А мне плевать на все, –возразил Сабитжан. – Это сейчас тебе плевать... А завтра будет стыдно [3. 288]».

Поворот парадигмы лингвистических исследований в сторону человеческого фактора, актуализация коммуникативно-функциональных аспектов языка обусловили рост интереса к диалогу как к главной форме реализации коммуникативной функции языка. Как и всякое высказывание, диалогическая реплика не может отражать всех элементов обозначаемой ситуации. В этом нет необходимости, т.к. все основные элементы ситуации известны собеседникам. С этим, следовательно, связана эллиптичность реплик. Реплика – одна из тех языковых единиц, которые отражают специфику диалога, она указывает на характер диалогического общения – перемежающийся обмен высказываниями [4]. При построении диалоговых реплик говорящий решает целый ряд психолингвистических проблем:

- отбор элементов, несущих основную информацию о ситуации;
- выбор способа словесной реплики на предшествующую реплику;
- выбор общей установки направления высказывания в отношении участников коммуникации.

Итак, диалог – это коммуникативный процесс, обмен мнений, эмоций, взаимное общение, где каждый из коммуникантов играет свою роль. Чтобы диалог состоялся, необходимы:

- небольшой исходный разрыв в знаниях для сообщения неизвестной информации по теме диалога;
- необходимость общения, возникающего у коммуникантов при недостаточных знаниях касательно предмета диалога;
- соблюдение причинно-следственных связей как составляющая диалога;
- совпадение артикуляционно-акустических компонентов у участников диалога, предваряющее процесс понимания;
- наличие общей темы в диалоговом общении, регулирующее семантическую связанность диалога.

Диалог предполагает особую свободу использования языковых средств, связанных как с расширением возможности употребления в языке единиц, так и с появлением различного рода новообразований грамматического уровня [5].

Диалогический текст обладает системой скрытых смыслов. Скрытая художественная информация не может возникать вне конкретной ткани текста. В современном языкоznании особый интерес представляют комплексы иллокутивных типов диалога в текстах художественных произведений, где есть разветвление систем реплик вокруг одной разновидности диалога в другую, где писатели передают национальный колорит, менталитет описываемого народа, широко используя кальки, реплики, реалии, пословицы, поговорки, идиомы, иносказания для передачи ведущих национальных черт описываемого народа. Наиболее существенным параметром, позволяющим выделить объективно существующие типы диалогов, является параметр коммуникативного намерения, или *фактор интенции*.

С учетом фактора интенции выделяются три основных иллокутивных типа диа-

лога: информативный, pragmaticheskiy, modalnyy. Данные типы в свою очередь подразделяются на виды:

- информативный – беседа, расспрос, сообщение, объяснение, например: «*Почему ты так долго? – Он не появлялся весь день и только под конец приплыл* [3. 219];
- pragmaticheskiy – спор, ссора, обсуждение, например: «*– Ну что?.. как побитые собаки! – Это кто побитая собака?* – кинулся к нему разошедшийся не на шутку зять-алкоголик. – *А ты, пьянчуга, язык-то придержи!* – крикливо пригрозил Сабитжсан, чтобы слышно было и на посту
- [3. 286]»;
- modalnyy – унисон, например: «*– Что теперь будет? – промолвил Казанган, но ему никто не ответил. – Я так и знал, – горестно покачал головой Едигей* [3. 184-185]».

Диалог значим в жизни общества, важен в устной и письменной речи. Изучение процессов функционирования вопросно-ответной последовательности в разных сферах общественной жизни позволяет выявить пути совершенствования культуры диалогической речи. Язык любого народа представляет собой увлекательную повесть многовековых усилий людей познать, осмыслить и подчинить себе окружающую их. Если брать язык как общественное явление, он есть единство двух сторон. С одной стороны, он есть продукт специфической, адекватной ему деятельности; с другой стороны, он есть объективная основа речевой деятельности индивида.

Общественный смысл речевой деятельности, коммуникативных актов в том, что она обеспечивает любую другую деятельность, имея непосредственной целью либо овладение этой деятельностью, либо планирование этой деятельности, либо координацию ее. Это может быть непосредственное соотнесение коммуникативных действий субъектов одного коллектива, выработка для них общих целей и общих средств. Соотношение деятельности общения и деятельности познания представляет очень

важную проблему не только для лингвистической трактовки языка, но и для психологической.

Основной чертой, отделяющей речевую деятельность от других, нечеловеческих или не специфически человеческих видов коммуникации и в то же время охватывающей все варианты ее реализации, является то, что «...есть все основания рассматривать значение слова не только как единство мышления и речи, но и как единство обобщения и общения, коммуникации и мышления» [6. 71]. «Общение, основанное на разумном понимании и на намеренной передаче мысли и переживаний, непременно требует известной системы средств. Для того чтобы передать какое-либо переживание или содержание сознания другому человеку, нет другого пути, кроме отнесения передаваемого содержания к известному классу, к известной группе явлений, а это... непременно требует обобщения.

Речь может занимать в системе деятельности различное место. Оно может выступать как орудие планирования речевых или неречевых действий. Речь может выступать как орудие контроля, орудие сопоставления полученного результата с намеченной целью. Это обычно происходит в тех случаях, когда акт деятельности достаточно сложен.

Речевая деятельность, в психологическом смысле этого слова, имеет место лишь в тех, сравнительно редких, случаях, когда целью деятельности является само порождение речевого высказывания, когда речь самоцenna.

А собственно коммуникативное употребление речи предполагает известную неречевую цель. Высказывание, как правило, появляется для чего-то. Мы говорим, чтобы достичь какого-либо результата.

Например:

– Ты приготовься, – сказал он Зарипе.  
– Прибываем уже. Значит, так и порешили  
– детям пока ни слова. Хорошо, так и будем знать. Ты, Зарипа, сделай так, чтобы

*не выдать себя. А сейчас приведи себя в порядок. Иди в тамбур. Стой у дверей. Как только поезд остановится, спокойно выходи из вагона и жди меня. Я выйду, и мы пойдем.*

– Что ты хочешь сделать?

– Ничего. Это оставь мне. В конце концов, ты имеешь право сойти с поезда [3. 193].

*Гневом переполнилась его душа, ибо большей несправедливости по отношению к Абуталипу быть не могло. И он сказал, едва сдерживая себя:*

– Ты вот что, не знаю, какой ты там начальник, но в этом ты его не задевай. Дай бог каждому быть таким отцом и мужем, и любой здесь тебе скажет, какой он есть человек. Нас тут по пальцам перечесть, и мы все знаем друг друга.

– Ладно, ладно, успокойся, – ответил кречетоглазый [3. 166].

*Часовой задумался, переминаясь с ноги на ногу, наморщив лоб.*

– Да ты не сомневайся, – сказал Длинный Эдильбай. – Все по уставу. На пост прибыли посторонние лица. Ты докладываешь начальнику караула. Вот и вся механика. Что ты на самом деле! Ты обязан доложить.

– Ну, хорошо, – кивнул часовой. – Сейчас позвоню. Только начальник караула все время по территории колесит, по постам. А территория-то вон какая!

– Может, и мне разрешишь рядом быть? – попросил Длинный Эдильбай. – В случае чего подсказать, что к чему.

– Ну давай, – согласился часовой [3. 262].

Другими словами, речь «включается как составная часть в деятельность более высокого порядка... Речь – это обычно не замкнутый акт деятельности, а лишь совокупность речевых действий, имеющих собственную промежуточную цель, подчиненную цели деятельности как таковой» [6. 25].

Диалог представляет собой взаимодействие людей при помощи речи как способа формирования и формулирования мысли посредством языка. При рассмотрении двух процессов – говорения и слушания – говорение (или производство речи) носит более самостоятельный, активный характер, тогда как слушание (понимание) выполняет вспомогательную роль условия общения. Как известно, в качестве основных характеристик речевой деятельности выступают: наличие побудительномотивационной части (потребность – мотив – цель); предмет деятельности; соответствие предмета деятельности и ее мотива; наличие продукта или результата деятельности. Кроме этого, деятельность характеризуется планируемостью, структурностью, целенаправленностью.

